



ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

ШЫҰ мерейтойлық саммиті аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің кездесуі өтті.

Тараптар Қазақстан мен Ресей арасындағы достық, тату көршілік және одақтастық рухында дамып келе жатқан сан қырлы ынтымақтастық қарқынды сипат алғанына назар аударды.

Владимир Путин Мемлекет басшысын Құрылтай сайлауының табысты өтуімен құттықтады. Оның айтуынша, дауыс беру нәтижесі Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанды одан әрі дамытуға, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, экономиканы ілгерілетуге және халықтың тұрмыс сапасын арттыруға байланысты көптеген мәселені шешуге бағытталған стратегиялық бағдары кенінен қолдау тапқанын растайды.

Қазақстан Президенті құттықтауы үшін Ресей басшысына ризашылығын білдіріп, конституциялық реформа аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде әңгімеледі.

— Қазақстанды жаңғырту үдерісі ұлттық мүддемізге сай жалғаса береді. Аты бар, заты жоқ реформалар жүргізуге мүлдем болмайды. Біз мұны жақсы түсінеміз. Ең алдымен, халқымыздың келешегін ойлауымыз қажет. Екіжақты ынтымақтастыққа келер болсақ, Сіздің мамыр айында Астанаға жасаған мемлекеттік сапарыңыз табысты өтті. Әрі сипаты жағынан тарихи сапар болды деп санаймын. Қазір

Үкімет қол қойылған барлық келісімді іске асыруға кірісті. Өзіңіз атап өткендей, саудасаттық тез дамып келеді. Өткен жылмен салыстырғанда өсім байқалады. Ресей біздің

басты инвестициялық және сауда серіктесіміз болып қала береді деп ойлаймын. Бұл үдерісті барынша қолдаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Владимир Путин екіжақты қарым-қатынас барлық бағытта қарқынды ілгерілеп келе жатқанын жоғары бағалады.

— Былтыр елдеріміз арасындағы тауар айналымының көрсеткіштері ойдағыдай болды. Биыл да өсім байқалады. Көптеген мәселе бойынша бірге жұмыс істеп келеміз. Күн тәртібінде ірі жобалар да, ағымдағы мәселелер де бар. Үкіметаралық комиссия белсенді жұмыс істеуде. Өзара уағдаластықтарды бұлжытпай орындағаны үшін оларға алғыс айтуымыз керек. Әсіресе, гуманитарлық саладағы байланыстарымыздың жандана түскені қуантады. Қазақстандық 60 мың студент Ресей жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Жуырда ғана Омбы қаласында Қазақстанның мандайалды оқу орнының филиалы ашылды. Яғни барлық мәселе бойынша өзара түсіністік орнаған. Бүгін осы тақырыпты егжей-тегжейлі талқылауға мүмкіндік туып отыр, — деді Ресей Президенті.

Мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты нығайту перспективасын, сондай-ақ өзара мүддеге сай келетін салаларда бірлескен жобаларды іске асыру мәселесін талқылады.

Халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

БИЛІК ТЕҢГЕРІМІНІҢ ЖАҢА ТЕТІГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай отырысына қатысып, Конституцияның 46-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Вице-Президенті мен Премьер-министрінің кандидатураларын Құрылтай депутаттарымен келісті.

Мемлекет басшысының айтуынша, Вице-Президент мемлекеттік басқару жүйесінде айрықша рөл атқарады, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді, Құрылтай депутаттарымен және Үкіметпен тығыз жұмыс істейді, Конституцияға сәйкес Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді іске асырады.

Президент бұл лауазымға Ерлан Тынымбайұлы Кариннің кандидатурасын ұсынды.

— Ерлан Карин — елге танымал азамат. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде ұзақ жыл жұмыс істеді, көкжиегі кең, тәжірибесі мол, отаншыл азамат деп айтуға болады. Ауқымды реформаларды сапалы іске асыруға белсенді түрде атсалысты. Мемлекеттің стратегиялық бағдарын, даму жоспарын жақсы түсінеді. Сондықтан Ерлан Тынымбайұлы Каринді осы лауазымға лайық деп есептеймін.



Құрылтайдан бұл кандидатураны қолдауды сұраймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайдағы партиялар фракциялары жетекшілерінің пі-

кірін ескере отырып, Үкімет басшысы лауазымына Олжас Абайұлы Бектеновтің кандидатурасын ұсынды.

— Ол — мемлекетшіл, тәжірибелі, білікті азамат. Жауапкершілігін жақсы түсінеді. Бұған дейін

Үкімет басшысы ретінде нәтижелі жұмыс істеді. Қазір еліміздің алдында ауқымды міндеттер тұрғанын жақсы білесіздер. Бұл мәселе бойынша Құрылтайдың тұңғыш отырысында толығымен айттым. Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналууда. Түрлі инфрақұрылымдық жобаларды қолға алдық. Алда әлі де көп жұмыс істелуі керек. Жалпы, еліміздің Тәуелсіздігі мен Егемендігін нығайтуға, мемлекетімізді одан әрі дамытуға қатысты мәселелер әлі де күн тәртібінде тұр. Бұл мәселелерді бәріміз бірге ойдағыдай, сәтті шешуіміз керек, — деді Мемлекет басшысы.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Вице-Президент лауазымына Ерлан Кариннің кандидатурасы, Премьер-министр лауазымына Олжас Бектеновтің кандидатурасы депутаттардың басым дауысымен қолдау тапты.

Мемлекет басшысы Вице-Президент және Премьер-министр лауазымдарына ұсынылған кандидатураларды қолдағаны үшін Құрылтай депутаттарына ризашылығын білдірді.



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қырғызстан Тәуелсіздігіне 35 жыл толуына орай Президент Садыр Жапаровқа құттықтау жеделхатын жолдады.

— Бұл айтулы мереке қырғыз халқының еркіндікке, дербестік пен тәуелсіздікке ұмтылысын айшықтайды. Осы жылдар ішінде Қырғызстан ел болып еңсе тіктеуден бастап, орнықты дамуға дейінгі жолды абыроймен өңсерді. Мемлекеттіліктің іргесін бекітіп, бай рухани мұрасын сақтап қалды. Халықаралық аренада беделді елге айналды. Бұған Қырғыз Республикасының 2027-2028 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайлануы жарқын мысал бола алады, — деп жазылған құттықтауда.

Жеделхатта елдерімізді ғасырлардан тамыр тартатын достық пен тату көршілікке негізделген бауырластық қарым-қатынас байланыстыратыны атап өтілген. Президент стратегиялық серіктестік пен одақтастық қос халықтың игілігі жолында қарқынды түрде нығая беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровтың жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал бауырлас қырғыз халқына құт-береке тіледі.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӘЗЕРБАЙЖАН ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

ШЫҰ саммиті аясында өткен кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевке Қазақстандағы ауқымды саяси реформалар мен алғашқы бір палаталы Құрылтай сайлауының нәтижесі жөнінде әңгімеледі. Мемлекет басшысы елдің саяси өміріндегі аталған тарихи уақиға жан-жақты жаңғыру жолындағы маңызды кезең саналатынын атап өтті. Президент Құрылтай сайлауының өтуіне байланысты білдірген жылы лебізі, сондай-ақ Әзербайжан өкілдерінің байқаушылар миссиясы құрамындағы белсенділігі үшін Ильхам Әлиевке алғыс айтты.

— Еліміздің тарихында бұл сайлау тұңғыш рет халықаралық ұйымдар тарапынан бірауыздан оң бағаға ие болды. Құрылтай Әзербайжан Парламенті — Милли Мәжлиспен белсенді жұмыс істеуге ниетті. Мен өз тарапымнан осы бағыттағы ынтымақтастықты барынша қолдаймын. Мемлекетаралық қарым-қатынас ойдағыдай дамып келеді. Өзара ықпалдастыққа қатысты негізгі мәселелерді ұдайы назарда ұстаймын. Осы орайдағы байланыстарға көңіл толады. Бұл жетістіктің негізгі қозғаушы күші — мемлекеттер басшыларының ерік-жігері екені сөзсіз, — деді Президент.

Ильхам Әлиев Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың ауқымы мен мән-маңызына тоқталды. Әзербайжан Президенті елдеріміз арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді.


— Шын мәнінде, қарым-қатынасымыз табысты ілгерілеп, одақтастық сипатқа ие болды. Күн өткен сайын нақты мазмұнмен толығып келеді. Құрылтай сайлауының табысты өтуі және Қазақстан халқының қолдауы Сіздің реформаларыңыз бен бастамаларыңызды қоғам дұрыс қабылдайтынын көрсетеді, — деді Ильхам Әлиев.

Әңгімелесу кезінде сауда-экономикалық, инвестициялық ықпалдастық мәселелері, сондай-ақ көлік, логистика, энергетика және



цифрландыру сияқты түрлі саладағы бірлескен жобалардың жүзеге асырылу барысы қарастырылды.

Кездесу соңында тараптар алдағы халықаралық іс-шаралар кестесін талқылады.



Президент Малайзия Премьер-министріне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ануар Ибрагим мен оның отандастарын Малайзияның ұлттық мейрамы — Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Малайзиямен достық қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға баса мән беретінін атап өткен. Сондай-ақ Президент ортақ күш-жігердің арқасында екіжақты ынтымақтастық алдағы уақытта да халықтарымыздың игілігі жолында дәйекті түрде дами беретініне сенім білдірген.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ануар Ибрагимнің игі бастамаларына сәттілік, ал Малайзия халқына бақ-береке тіледі.

1 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕРЛАН ҚАРИНДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Вице-Президент лауазымы Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілгенін және мемлекеттік басқару жүйесінде ерекше мәнге ие екенін атап өтті.



Мемлекет басшысы Вице-Президент Ерлан Қариннің алдына бірқатар нақты міндет қойды. Атап айтқанда, Вице-Президентке Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында Мемлекет басшысының атынан өкілдік етіп, мемлекеттік саясаттың негізгі мәселелері бойынша ұстанымын жеткізу тапсырылды.

АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Кездесу барысында Президент Үкіметтің алдағы кезеңге арналған басты міндеттерін айқындап, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар тапсырма берді.



Мемлекет басшысы экономикалық өсімнің тұрақты қарқынын қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру және азаматтардың әл-ауқатын дәйекті түрде жақсарту қажет екеніне назар аударды. Президент барлық мемлекеттік органды ортақ іске жұмылдырып, орындаушылық тәртіпті күшейтуді және Үкімет қызметінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге баса мән беруді тапсырды.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСЫМ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары Аида Балаеваны қабылдады.



Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Аппаратының құрылуына байланысты бірқатар басым міндеттерді айқындады. Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін жаңа мемлекеттік орган ұлттық қауіпсіздікті, заң мен тәртіпті қамтамасыз етумен айналысады.



ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Құрылтайындағы саяси партиялар фракцияларының жетекшілерімен кездесу өткізді.

Кездесуде Президент жаңа Конституцияның 46-бабына сәйкес Премьер-Министр лауазымына ұсынылған Олжас Бектеновтің кандидатурасы жөнінде фракция жетекшілерімен кеңесуге тиіс екенін айтты. Талқылауға «Әділет» партиясы фракциясының жетекшісі Ербол Адаев, «Ауыл» партиясы фракция-

сының жетекшісі Қайрат Айтуғанов, Respublica партиясы фракциясының жетекшісі Айдарбек Қожаназаров, «Ақ жол» партиясы фракциясының жетекшісі Дания Еспаева, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия фракциясының жетекшісі Асхат Рақымжанов қатысты.

ҚҰРЫЛТАЙ

НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРДЫ АЙҚЫНДАП БЕРДІ

Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебай бюро отырысын өткізді. Онда Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау, заң шығару қызметіндегі негізгі басымдықтар және Құрылтай регламентін дайындау мәселелері талқыланды.



Қолданыстағы заңнаманы түгендеп, оны жаңа Конституцияға сәйкестендіру бірінші кезектегі міндеттердің бірі ретінде белгіленді. Бұл жұмыс Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берген басымдықтармен, сондай-ақ өзекті әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси мәселелермен бірге бейінді комитеттердің жұмыс жоспарына енгізіледі. Мемлекет басшысы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында заң шығару қызметінің негізгі басымдықтарына тоқталғаны белгілі. Айбек Дәдебай қазір депутаттардың алдында жасанды интеллект пен цифрлық активтерді дамыту, көші-кон саясатын жетілдіру, ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау, энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және баламалы энергетиканы өркендету, сондай-ақ онлайн-платформалар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша жұмыс жүргізу міндеті тұрғанын атап өтті. Құрылтай жұмысының күн тәртібіне кітапхана ісі мен кітап басып шығару саласын дамыту, жаңа

мемлекеттік наградалар – «Шәмші Қалдаяқов» медалін және «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселелері де енгізіледі. Алдағы үш жылға арналған республикалық бюджетті қарау да жұмыстың жеке бір бағыты болмақ. Сондай-ақ Айбек Дәдебай парламенттік бақылаудың тиімділігін арттыру, депутаттардың халықпен тұрақты байланысын қамтамасыз ету және Е-Parliament жүйесін жедел енгізу қажеттігіне назар аударды. Бюро отырысында Қазақстан Республикасы Құрылтайының регламенті жобасын әзірлеуге қатысты міндеттер де айқындалды. Спикер комитеттер мен фракциялар депутаттар қызметінің жаңа тәсілдерін және заң шығару жұмысын жетілдіру мәселелерін ескере отырып, регламент жобасына қатысты өз ұсыныстарын жақын арада беруі қажет екенін айтты. Құжатты бюронның келесі отырысында қарау жоспарлануда. Сонымен қатар Құрылтай Төрағасының орынбасарларына тұрақты комитеттерге жетекшілік ету міндеті бекітілді.

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

СЫҢҒЫРЛА, АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ!

Бүгін еліміздегі 8 мыңнан астам мектепте алғашқы қоңырау сыңғырлап, жаңа 2026-2027 оқу жылы басталды. Оларда оқитын 4 миллион оқушының ішінде 380 мыңнан астам бала мектеп табалдырығын алғаш рет аттап отыр. Бұл алдыңғы жылдардағы көрсеткіштен 30-40 мың балаға артық.



1-сынып оқушыларының ең көбі Түркістан облысында – 50 мыңнан астам, Алматы облысында – 35 мыңнан астам, Астанада – 33 мың, Алматыда – 31 мыңнан астам және Шымкентте – 29 мыңнан астам. Оның себебі де белгілі, аталған өңірлерде халық көп тұрады, сондықтан туу деңгейі де жоғары. Биылғы оқу жылында оқушыларды бірқатар жанашилдық күтіп тұр. Мәселен, бастауыш сынып оқушылары, оның ішінде 2-4-сынып оқушыларын бағалаудың жанартылған тәсілдері енгізіледі. Дегенмен критериялы бағалау жүйесі сақталады. Жаңа тәртіп бойынша формативтік бағалаудың рөлі күшейіп, оның тоқсандық бағадағы үлесі артады. Формативтік бағалау бұрынғыдай 1-ден 10 балға дейінгі шкала бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар оқу бөлімдерін менгеру нәтижесін анықтау үшін аралық бағалау енгізіледі. Оның негізгі нысандарының қатарында диктант, бақылау жұмысы, шығарма және мазмұндама болады. Мұндай жұмыстарды орындауға толық сабақ уақыты – 45 минут беріледі. Екіншіден, мектептерде оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған жаңа міндетті оқу курстары енгізіледі. Атап айтқанда, 5-7-сыныптарда – «Конституция негіздері», 8-11-сыныптарда – «Заң және тәртіп», 5-11-сыныптарда – «Жеке қауіпсіздік» пәндері оқытылады. Сонымен қатар «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны Конституция талаптарына сәйкес жанартылады.

Үшіншіден, 2026-2027 оқу жылында мектеп пәндерінің қатары жасанды интеллект бағытымен толығымен өзгереді. Айталық, 1-4-сыныптардағы «Цифрлық сауаттылық» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект» болып өзгереді. Ал 5-11-сыныптардағы «Информатика» пәні «Информатика және жасанды интеллект» деп аталады. Пәндердің мазмұнына жасанды интеллект бойынша жаңа бөлімдер енгізіліп, барлығы 43 оқу мақсаты қамтылады. Сол арқылы барлық оқушы жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі деңгейде жасанды интеллект негіздерімен танысып шығады. Сонымен қатар Оқу-ағарту министрлігі 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың демалыс кезеңдерін де әлдеқашан бекітіп қойды. Оқу жылы әдеттегідей 25 мамырға дейін жалғасады. Оның ішінде бірінші тоқсан 8 аптаға созылып, күзгі демалыс 7 күн – 26 қазан мен 1 қараша аралығында өтеді. Екінші тоқсан да 8 апта, ал қысқы демалыс 14 күнге созылып, ол 28 желтоқсан мен 2027 жылғы 10 қаңтар аралығына түседі. Бірінші сынып оқушылары үшін 2027 жылғы 8-14 ақпан аралығында 7 күндік қосымша демалыс қарастырылған. Үшінші тоқсанда оқушылар 10 апта оқып, көктемгі демалысты 22-28 наурыз аралығында 7 күн өткізеді. Төртінші тоқсан 8 оқу аптасына созылып, 2027 жылғы 25 мамырда аяқталады. Сондай-ақ 9 (10) және 11 (12)-сынып түлектерінің қорытынды аттестаттау мерзімдері бекітілген.

Бекбол АМАНГЕЛДІ

БІЛІМ САПАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Батыс Қазақстан облысы жаңа оқу жылын бастарда басты міндеттерді нақтылады. Өңір балаларды мектеп орындарымен қамтамасыз етуге қоса, білім сапасын арттыруға мән беріп отыр. Биыл аймақта 128 мың оқушы мектеп табалдырығын аттаса, оның 11,6 мыңнан астамы – бірінші сынып оқушылары. Сонымен қатар жергілікті билік жаңа мектептер, оқулықтар мен заманауи цифрлық технологияларға 3,1 млрд теңге бөлген.

Бұл деректер БҚО педагогтарының «Сапалы білім, берік құндылық, табысты тұлға: жаңа оқу жылының міндеттері» тақырыбындағы тамыз конференциясында айтылды. Мыңға жуық педагог, білім беру ұйымдарының басшылары, колледж өкілдері мен сарапшылар өткен оқу жылының нәтижелері мен жаңа оқу жылындағы басымдықтарды талқылады. Негізгі тақырыптардың бірі — цифрландыру.

Жасанды интеллект мұғалімге көмектесуі керек, бірақ оның орнын алмастырмауға тиіс. Сондай-ақ конференция аясында заманауи білім беру шешімдерінің көрмесі ұйымдастырылып, педагогтар мен қонақтар жасанды интеллект, VR-технологиялар, робототехника, цифрлық зертханалар және «ақылды» мектеп кеністіктерінің мүмкіндіктерімен танысты.

Бүгінде облыста 571 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, онда 32 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Кейінгі екі жылда 42 жаңа ұйым ашылып, 3 мыңнан астам орын құрылды. Үш пен алты жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту көрсеткіші 100 пайызға жетті.

Өткен оқу жылында 382 мектепте 126 мыңнан астам бала білім алды. Білім сапасының көрсеткіші 64,2 пайызды құрады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін ұлттық мониторингтеу қорытындысы бойынша облыс оқырмандық,

жаратылыстану-ғылыми және математикалық сауаттылық бағыттарында республикалық орташа көрсеткіштерден жоғары нәтиже көрсетті. Сонымен қатар ауыл мектептерінің оқушылары оқырмандық сауаттылық бойынша республикада бірінші орын алды: 544 балл жинап, калалық мектептердің нәтижесінен 23 балға жоғары көрсеткішке қол жеткізді.

— Біз үшін баланың тұрғылықты жері оның — білім сапасын анықтамауы қағидатты маңызды. Ауыл мектептерінің нәтижелері жұмысты дұрыс ұйымдастырып, педагогтарға қолдау көрсеткен жағдайда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге болатынын көрсетіп отыр. Сонымен бірге мектептер арасындағы айырмашылықтарды көріп отырмыз, сондықтан әдістемелік қолдауды күшейтеміз, — деді БҚО білім басқармасының басшысы Елдос Сафуллин.

Жаңа оқу жылында облыстағы бірінші сыныпқа қадам басатын 11,6 мың оқушының 78 пайызы қазақ тілінде білім алады. Қалған 22 пайызы — орыс тілінде оқуды таңдаған.

Өткен жылы Орал қаласында дарынды балаларға арналған №8 мамандандырылған мектеп ашылды. «ҚПО» компаниясының қолдауымен 7 шағын жинақты мектеп, тағы бір мектеп жергілікті бюджет есебінен ашылады деп жоспарланып отыр.

— Заманауи мектеп заман талабына сай болуы керек, алайда жаңа ғимараттың өзі жоғары білім сапасына кепілдік бер-



мейді. Негізгі нәтиже — баланың білімі, қабілеті мен құзыреттері, — деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Мендіғалиев.

Қолданыстағы мектептерді жаңғырту жұмыстары да жалғасып жатыр. Қазір Жәнібек ауданындағы Жақсықайрат және Жәнібек ауылдарындағы 3 мектепте, сондай-ақ Орал қаласындағы вальдорф бағытындағы мектеп-лицейде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жаңақала ауданының Бірлік ауылындағы Мирманов атындағы мектеп бойынша конкурстық рәсімдер өткізіліп жатыр. Жұмыстар 2026–2027 жылдары кезең-кезеңімен орындалмақ.

2026 жылы өңірде 51 заманауи пән кабинетін жабдықтау жоспарланған. Бұл — белгіленген 40 кабинет көрсеткішінен жоғары. Шағын жинақты мектептерде физика, биология және алғашқы әскери дайындық пәндеріне арналған 24 кабинет, ал Ақсай қаласындағы жаңа мектепте тағы 27 кабинет жабдыкталады.

Өңірде 50 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Балалар робототехникамен, бағдарламалаумен, дрон технологияла-

рымен және инженерлік шығармашылықпен айналысады. Оқушылар сарайының Того Дого командасы Оңтүстік Кореяда өткен FIRST чемпионатында 545 балл жинап, әлемдік рекорд орнатты. Ал облыс оқушылары Түркияда өткен Drone Soc-сег турнирінде әлем чемпионы атанды.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 35 колледж жұмыс істейді, онда 15 мыңнан астам студент білім алууда. Жаңа оқу жылына 4 мың мемлекеттік грант бөлінді. 24 колледжде 42 мамандық пен 68 біліктілік бойынша дуальды оқыту жүзеге асырылады, үш мыңнан астам студент кәсіпорындарда тәжірибеден өтуде.

— Біздің міндетіміз — еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті және жаңа технологияларға бейімделе алатын маман даярлау. Сондықтан кәсіптік білім беру өңір экономикасымен тығыз байланысты болуы керек, — деді облыстық Білім басқармасының басшысы Елдос Сафуллин.

Цифрландыру тағы бір басымдыққа айналып отыр. Облыс педагогтарына 6 740 ChatGPT Edu лицензиясы берілді,

AI Мектеп пилоттық жобасы іске қосылуда, SmartNation, DARTS және Daryn AI Bagdar платформалары енгізілуде.

— Жасанды интеллект білім беру жүйесіне еніп келеді. Бұл үдерісті сауатты, қауіпсіз әрі педагогикалық тұрғыдан негізделген түрде жүзеге асыру қажет. Технологиялар мұғалімді күнделікті жұмыстың бір бөлігінен босатып, оның басты міндетіне — баланы оқыту мен тәрбиелеуге көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік беруге тиіс, — деп атап өтті ведомство басшысы.

Сонымен қатар өңірде дарынды балаларды қолдау жұмыстары жалғасуда. Өткен оқу жылында сегіз оқушы халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы атанды, 57 оқушы республикалық олимпиадалардың жүлдегері болды, 26 оқушы ғылыми жобалар байқауында жоғары нәтиже көрсетті. Республикалық олимпиадада БҚО оқушылары үш алтын, 11 күміс және 14 қола медаль жеңіп алды.

Шалғай ауылдардағы балалар үшін білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету маңызды міндет болып қала береді. Бүгінде 63 елді мекеннен 4 826 оқушы 56 мектепке тасымалданады. Биыл мектептерді жабу жоспарланбайды. Шағын жинақты және шекара маңындағы мектептерге қатысты шешім қабылдау кезінде оқушылар саны, елді мекеннің қашықтығы, жолдардың жағдайы және тасымалдау қауіпсіздігі ескеріледі.

Осылайша, Батыс Қазақстан облысы жаңа оқу жылын білім сапасына, заманауи инфрақұрылымға, цифрландыруға және тең мүмкіндіктерге басымдық бере отырып бастамақ. Басты мақсат — әр бала өз қабілетін ашып, табысты болашағына қажетті білімді үйрене алатын жағдай жасау.

Аида ҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

МЕРЕЙІ ТАСЫҒАН МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫЛАР

Алматы облысында отбасылық дәстүрді дәріптеп, балаларын өзара құрмет пен қолдау негізінде тәрбиелеп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап келе жатқан жанұяларға құрмет көрсетілді. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңі жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде өңірдің таңдаулы 12 отбасы көпшілікке таныстырылды.



Биыл байқауға облыстың барлық аудан мен қалаларынан 146 отбасы өтініш берген. Облыстық кезеңнің қорытындысы бойынша үздік деп танылған 12 жанұя салтанатты шараға шақырылды. Олардың тоғызы ынталандыру сыйлықтарымен қатар, 150 мың теңгеден ақшалай жүлдеге ие болды.

Марапатталғандар қатарында Ермакашевтер, Түютовтар, Пирмухамедовтер, Ахметовтер, Бекмұхановтар, Жүнісовтер, Қуандықовтар, Сәтбек және Қуандық отбасылары бар.

Ал жүлделі орындар былайша бөлінді. Бірінші орын Кеген ауданынан келген Бакашовтар әулетіне бұйырып, 1 миллион теңгенің ақшалай сыйлығы табысталды. Екінші орынды Жамбыл ауданынан шыққан Аскаровтар отбасы иеленіп, 500 мың теңгеге ие болды. Үшінші орын Іле ауданынан келген Тінібаевтар жанұясына беріліп, 300 мың теңге көлеміндегі жүлдемен марапатталды. Сонымен қатар барлық қатысушының балаларына ойыншықтар сыйға тартылды.

Жеңімпаздарды құттықтаған Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев отбасылық құндылықтардың өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына тоқталды.

— Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген тағылымды сөз бар. Бұл байқау жанұялардың берекесі мен бірлігін ғана емес, қоғамның рухани-адамгершілік негіздерінің нығая түскенін де көрсетеді. Мемлекет басшысы «Бақытты әрі берік отбасы — бақуатты қоғам мен мемлекеттің мызғымас тірегі»

деп атап өткен болатын. Адамға ең жақын жандардың өнегесі арқылы патриотизм, жауапкершілік, құрмет, еңбекқорлық пен жасампаздыққа ұмтылу секілді қасиеттер бала бойына ең алдымен отбасында сінеді, — деді Ғани Майлыбаев.

Ол байқауға атсалысқан барша жанұяларға ризашылығын білдіріп, олардың бала тәрбиесіне, ұлттық дәстүрлерді дәріптеуге және отбасы құндылықтарын нығайтуға қосып жүрген үлесін атап өтті. Облыс әкімінің орынбасарының айтуынша, өңірде көпшілікке сыйлы, кейінгі буынға өнеге боларлық отбасылар аз емес.

Көпшіліктің есінде ерекше қалған сәттердің бірі — бірінші орын иеленген Бакашовтар отбасының әжесінің сахнадағы сөзі.

— Біз Хан Тәңіріндей асқақ шыңы бар, Шарын шатқалы жайқалып жатқан көрікті өлкеден келдік. Яғни қасиетті Кеген жерінен ат терлетіп жеттік, — деді ол.

Әже ұйымдастырушыларға алғысын айтып, туған жері Кеген ауданы туралы жылы лебізін білдірді. Көпшілікке өз шығармасынан өлең оқып, ерекше әсер қалдырды.

Кеш соңында мерекелік концерттік бағдарлама ұсынылды. Салтанатты шара отбасы берекесін сақтап, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, үлкенге құрмет көрсетіп жүрген жанұяларға алғыс білдіріп, олардың қоғамдағы орны мен өнегесін тағы бір мәрте айшықтады.

Айна ХАСАН

ЖЕР ҰРЫСЫ ҮНЕММЕН ЕСЕЛЕНБЕК

Су – ауыл шаруашылығының күретаымы. Әсіресе табиғи ылғалы жеткіліксіз өңірлер үшін оның әр тамшысы – өнім, еңбек және экономикалық өсім. Сондықтан суармалы жердің игерілуі тек аграрлық саланың емес, тұтас өңірдің болашағын айқындайтын стратегиялық мәселеге айналып отыр.

А Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

Абай облысында осы бағыттағы жұмыстардың қазіргі ахуалы мен алдағы міндеттері облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен жиында кеңінен талқыланды. Басқосудың өзегінде бір ғана мәселе тұрған жоқ. Су ресурсын тиімді басқару, пайдаланылмай жатқан суармалы жерлерді айналымға қосу, ескірген ирригациялық жүйелерді жаңарту және суды аз жұмсап, мол өнім алуға мүмкіндік беретін технологияларды орнықтыру сынды бірнеше өзекті бағыт тоғысты.

Облыстағы суармалы жердің жалпы көлемі — 113,4 мың гектар. Алайда оның бүгінде небәрі 32,9 мың гектары, яғни 29 пайызы ғана пайдаланылып отыр. Демек, 80,5 мың гектар алқап толыққанды ауыл шаруашылығы айналымына енгізілмеген.

Мәселенің маңызын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бірнеше мәрте атап өткен. Президент су тапшылығы күшейіп келе жатқан жағдайда суды барынша үнемдеу, әсіресе ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану қажеттігін айтқан. Мемлекет басшысының пайымынша, су қорын жинап, оны тиімді пайдаланып, ирригация жүйесін дұрыс жолға қою ауыл шаруашылығына инвестиция тартуға да мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, Абай облысының алдында тұрған міндет айқын: суды көбейту ғана емес, қолда бар суды ысырапсыз пайдалану.

Су тапшылығы жағдайында бұрынғыдай суды көп мөлшерде жұмсап, алқапты суландыра беру тәсілі уақыт талабына жауап бермейді. Қазір әлемнің көптеген елі суару технологиясын жетілдіру арқылы бір мезгілде әрі су қорын сақтап, әрі ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға ұмтылуда.



Абай облысы да бұл бағыттан тыс қалған жоқ. Биыл су үнемдеу технологиялары қолданылатын алқап көлемін 35 мың гектарға жеткізу жоспарланған. Қазірдің өзінде 30,6 мың гектар жерде осындай тәсілдер пайдаланылып отыр. Оның 20,59 мың гектарында жанбырлатып суару, 9,98 мың гектарында тамшылатып суару технологиясы енгізілген. Былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда бұл көлем 7,1 мың гектарға өскен. Бұл — он динамика. Бірақ атқарылатын жұмыс әлі де ауқымды.

Суармалы жердің әлеуетін толық пайдалану үшін ең алдымен оған су жеткізетін инфрақұрылымның жағдайын түзету қажет. Бүгінде облыста 3 су қоймасы, 20 су торабы және жалпы ұзындығы 551,2 шақырымды құрайтын 41 магистралды канал бар. Алайда олардың бәрі бірдей талапқа сай емес. 13 су торабы мен 401 шақырым каналдың жағдайы қанағаттанарлықсыз. Бұл жерде мәселе тек техникалық ақауда емес. Тозған канал арқылы тасымалданған судың бір бөлігі егістікке жетпей жоғалса, оны жана су көздерін іздеу арқылы ғана өтеу жеткіліксіз.

Президент те су инфрақұрылымындағы осы мәселені бірнеше рет көтерді. 2025 жылғы Жолдауында Мемлекет басшысы кейбір каналдардағы судың 50–60 пайызы ладаға кететінін айтып, су есебін жүргізу мен су бөлу жүйесін жаңғыртудың маңыздылығына назар аударды.

Абай облысында су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту бойынша ауқымды жоспар бар. Қазақстанның су саласын дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде облыста жеті жана су қоймасын салу, 12 су торабын және ұзындығы 278,3 шақырым болатын 28 магистралды каналды жаңғырту көзделген.

Қазір Қарғыба өзеніндегі су қоймасының жобалау-сметалық құжаттамасы мемлекеттік сараптамаға жолданған. Қаракол су қоймасының жобасы әзірленіп жатыр. Тағы бес су қоймасы бойынша техникалық-экономикалық негіздеме дайындалуда. Бұл жобалардың мәні — су қорын тұрақтандырумен ғана шектелмейді. Су қоймасы ауыл шаруашылығы үшін кепілдендірілген ресурс қалыптастырады, ал жаңғыртылған каналдар сол ресурсты егістікке жеткізеді. Ақсуат ауданындағы «Қарғыба» су торабын реконструкциялау жұмыстары да осы мақсатқа қызмет етеді. Жоба 5822 гектар суармалы жерді қамтиды және оны жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Жиында облыс әкімі Берік Уәли пайдаланылмай жатқан суармалы жерлерді қайта айналымға енгізу, шаруашылық ішкілік каналдарды қалпына келтіру, су үнемдеу технологияларын кеңейту және суармалы егіншілікке инвестицияны тартылмаса — жана жобалардың жұмысты күшейтуді тапсырды. Бұл тапсырмалардың барлығы бір-бірімен сабақтас. Канал жөндемесе — жерге су бармайды. Су үнемделмесе — қолда бар ресурс азаяды. Технология енгізілмесе — судың тиімділігі төмендейді. Ал инвестиция тартылмаса — жана жобалардың ауқымын кеңейту қиын. Сондықтан су шаруашылығына кешенді көзқарас қажет. Биыл облыста Су ресурстары және ирригация басқармасының құрылуы да осы міндеттердің жүйелі түрде шешілуіне мүмкіндік береді.

Абай облысы үшін суармалы жер — үлкен экономикалық ресурс. 113,4 мың гектардың небәрі 29 пайызы ғана игеріліп отырғанын ескерсек, өңірдің ауыл шаруашылығында пайдаланылмаған мүмкіндік аз емес. Ендігі міндет — сол мүмкіндікті нақты нәтижеге айналдыру.

ӘЛЕУЕТ

1 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

Ұлт тарихының түп-төркінінен бастау алған әділдік мұрасы бүгінде Конституция қағидаттарымен толықты. Ол мемлекеттің басты байлығы ретінде – адамды, ал ең жоғары құндылық ретінде – адам баласының қадір-қасиетін айқындады. Бағзы заманнан бері сөз қадірін түсініп, ар ісін жанынан артық балаған қазақтың бабалар жолы бүгінгі Ата заңымыздың рухымен үндесіп жатыр. Қазақстанның қазіргі даму белесінде ұлттық заңнамадағы ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау тетіктері қоғамдағы өзара сыйластықтың діңгегі, ұлттық бірліктің алтын тіні қызметін атқарады.

Айхан ШӘРІП

**АТА ЗАҢДАҒЫ
АДАМИ ӨЛШЕМ**

Тәуелсіздік тұғырына қонған елімізде «Адам және оның қадір-қасиеті» ұғымы мемлекеттің басты бағдарына, мызғымас темірқазығына айналды. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп өмір сүрген текті халықтың ұрпағы үшін бұл қағида тіпті жат емес. Бүгінгі Конституция сол бағзы бабалар арманы мен заманауи әлемнің талабын ұштастырып, әрбір азаматтың ар-намысына кір келтірмеудің іргелі құқықтық қорғанын қалады.

Қоғамның көркеюі заңының қатандығымен емес, сол елдегі әрбір жеке тұлғаның ар-намысының құрметтелуімен өлшенеді. Адам баласының ар-ұжданын таптауды ең ауыр айып санаған қазақ дүниетанымы бүгінгі негізгі заңның басты баптарында толыққанды көрініс тапты. Заң мен ардың таразысы тең түскен жерде ғана тұлғаның ардақты есімі мен абыройы толық қорғалып, қоғамда құқықтық мәдениет қалыптасады.

Кез келген елде былайғы жұрт Конституцияны көбіне мемлекеттің құрылысын, билік тармақтарының аражігін, өкілеттік шекарасын белгілейтін құқықтық құжат ретінде қабылдап жатады. Сырттай қарағанда, оның тілі де «салқын»: бап, тармақ, өкілеттік, міндет, кепілдік... Бірақ сол ресми сөздердің ар жағында тірі адамның тағдыры тұр. 2026 жылғы 15 наурыздағы референдумда қабылданып, 1 шілдеде күшіне енген жаңа Конституциямыз – осының айқын айғағы. Оның 1-бабы Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, мемлекеттің ең жоғары құндылығы деп адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын бекітті. Ал 3-бапта адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекеттің қызметін айқындайтын негізгі қағидаттардың бірі ретінде нықталды.

Мұнда мемлекет пен азамат арасындағы қатынастың бүкіл табиғатын әдіптейтін ой жатыр: халық мемлекет үшін жаралмаған, қайта мемлекет әрбір адам үшін құрылған. Мемлекет өзін халықтың үстінен қарайтын алып күш емес, әр азаматының құқығын қамтамасыз ететін бірегей институт ретінде таниды. Тиісінше Ата заңның шынайы өлшемі – бірінші кезекте мемлекеттік аппараттың қаншалықты пәрменді екенінде емес, оның әрбір адамның құқығы мен қадірін қаншалықты қорғай алатынында.

ӘР БАБЫНДА АР ТҰНҒАН

Кез келген қоғамның өркениеттік деңгейі ең алдымен сол елдегі адамның құқығымен, оның ар-намысының және қадір-қасиетінің қорғалу деңгейімен өлшенеді. Қорғалмаған адам құл болады, жөндік құрлы құны болмайды. Мұны



АТА ЗАҢНЫҢ АРҚАУЫ – АР-ҰЖДАН

ата-бабамыз ежелден жақсы түсінген. Қазақ халқы үшін «ар» мен «ұят» ұғымдары еріккенде әңгімеге ермек ететін жай ғана моральдық категория емес, бүкіл бір ұлттың дүниетанымының, әділдік пен ар-ожданның темірқазығы болған. Есім ханның «Ескі жолында», Қасым ханның «Қасқа жолында», Әз-Тәуке ханның «Жеті жарғысында» ұлыс пен рудан бастап, қарапайым кісінің ар-намысына тиюді, қорлауды ауыр қылмыс санап, оның да өзіндік өтеуін талап еткені – осының айқын дәлелі. Бүгінде осы тереннен тамыр тартқан қасиетті ұғымдар еліміздің Ата заңында жаңа заман талабына сай қатан құқықтық кепілдікке айналды.

Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға арналған тікелей әрі толыққанды норма – Конституцияның 20-бабы. Оның бірінші тармағында: «Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады», – деп қадап айтылған. Екінші тармағында: «Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жөбілеуге не жазалауға болмайды», – деп анық жазылған.

Осы бір баптың астарында адамзаттың мыңжылдық арманы жатыр. Адамды қорлауға, ұруға, азаптауға, оның адамдық қасиетін таптауға ешкімнің, тіпті биліктің де құқығы жоқ. Бұл жерде Конституция адамға «сенің қадірің – сенің күшіңе, байлығыңа, қызметіңе, мәртебеңе байланысты емес» деп тұрғандай. Өйткені «Заң мен сот алдында бәрі тең» (16-бап). Әрбір адамның қадірі – оның адам болып дүниеге келгеннен-ақ туындайтын құндылық пен артықшылық.

Сарапшылардың түсіндіруінше, мұнда ар-намыс пен қадір-қасиет ұғымдары да бекер қатар қолданылмаған. Ар-намыс көбіне адамның қоғам алдындағы жақсы

атымен, беделімен сабақтас болса, қадір-қасиет оның тұлға ретіндегі ішкі құндылығын білдіреді. Заңның ала жібінен аттағандар әлдебір адамға тіл тигізіп, абыройын ел алдында аяққа таптауы мүмкін. Немесе тағы бір адамға зорлық-зомбылық көрсетіп, жұрт көзінше қорлап, адами қасиетін төмендетуге тырысуы ықтимал. Конституция екеуін де қорғайды. Өйткені адамның жаракаты кейде денеде емес, жүректе қалады. Көрінейтін жараның да ауыр салмағы бар.

Сондықтан 20-шы бап – құқықтық мемлекеттің мығым іргетасы, кез келген мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға бұлжытпай орындауға тиіс басты конституциялық талап. Ол ар-намысты, қадір-қасиетті қорғауды басты мақсат етіп, азаматтардың қоғамдағы еркін әрі қауіпсіз тыныс-тіршілігіне кепілдік береді. Жалпы, жаңа Ата заңда өзге тілдерге дәл аударуға келе бермейтін терен мағыналы «ар-намыс» сөзі 4 рет, қадір-қасиет ұғымы 6 рет кездеседі.

ТЕК БІР БАПТЫҢ ЕНІШІСІ ЕМЕС

Адамның қадірін қорғау 20-баппен басталып, сонымен аяқталмайды. Жаңа Конституцияның 15-бабы Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтары танылатыны және оларға кепілдік берілетіні атап өтілген. Бұл құқықтардың әркімге тұмысынан тиесілі екені, ажыратуға және айыруға болмайтын құқықтар екені де арнайы бекітілген. «Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының Айына 150 мың теңге төлей алатын адам дәл осы сомаға сай несие таңдауы мүмкін. Бірақ көлікке жұмсалатын шығын банк төлемімен бітпейді. Жанармай, міндетті сактандыру, кейде КАСКО, май мен сүзгі ауыстыру, жөндеу, қысқы және жазғы шина, салық, тұрақ пен көлік жуу секілді шығындар қосылады. Жүрілген көлік болса, күтпеген жөндеуге қомақты қаражат қажет болуы ықтимал. Сөйтіп, банкке төленетін 150 мың теңге іс жүзінде отбасы қалтасынан ай сайын 220-250 мың теңге шығаруы мүмкін. Бірақ несие мақұлдана кезде осы қосымша шығындардың бәрі бірдей есепке алынбайды.

Үй мен көліктің айырмасы да осында. Үйдің бағасы ұзақ мерзімде өсуі мүмкін. Ал көлік салоннан шыққан күннен бастап арзандай бастайды. Сондықтан оның кепілде тұрғаны отбасы бюджетін қауіптен толық қорғамайды.

Қазақстанда азаматтардың шамадан тыс қарыз алуын тежеу үшін борыш жүктемесінің коэффициенті қолданылады. Ол адамның барлық несие бойынша ай сайынғы төлемін оның табысымен салыстырады. Шекті деңгейі – 50 пайыз. Мысалы, айлық табыс 500 мың теңге болса, барлық қарыз төлемі, жалпы ереже бойынша, 250 мың теңгеден аспауға тиіс. Алайда 2025 жылғы 1 қаңтардан 2026 жылдың соңына дейін кейбір автонесиелерге осы талапты қолданбау жөнінде уақытша жеңілдік енгізілді. Ол кепілдегі жаңа көлікке, сондай-ақ алғашқы жарнасы белгілі бір деңгейден жоғары кейбір жүрілген көліктерге қатысты. Реттеуші мұны автокөліктің несие кепілі болуымен түсіндірген.

Бірақ кепіл банктің тәуекелін азайтқанымен, қарыз алушының күнделікті шығынын кемітпейді. Адам жұмысынан айырылса, машинасының кепілде тұрғаны азық-түлік пен коммуналдық төлемге ақша тауып бермейді.

мазмұны мен қолданылуы осыған қарай айқындалады», – делінген Ата заңда.

Мұның мәні терен. Мемлекет әр адамға шақтап құқығын таратпайды, өйткені адамның негізгі құқықтары тұмысынан бар. Мемлекет сол құқықтарды мойындайды әрі қалтқисыз қорғауға өз мойнына міндеттеме алды. Басқаша айтқанда, азаматтың қадір-қасиеті Президенттің, әкімнің, министрің, полицияның, соттың немесе кез келген лауазымды тұлғаның көңіл-күйіне тәуелді болмауға тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда 16-баптағы теңдік қағидасының да маңызы зор. «Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды», – делінген ар бапта.

Заң алдындағы теңдік – қадір-қасиетті қорғаудың күнделікті, ең басты көрінісі. Біреуінің бай, біреуінің кедей болуы, бірінің – билікті шенеунік, екіншісінің – қарапайым еңбеккер екені олардың адами құқығының көлемін өзгертеуіне тиіс. Құзыры – әрбасқа болуы мүмкін, бірақ азамат ретіндегі құқығы бірдей.

СӨЗ БЕН АР АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР

Қадір-қасиет сот төрелігіне келгенде, тіпті маңызды бола түседі. 18-бап жеке басқа қол сұқпауды және жеке бас бостандығын қамтамасыз етеді. «2. Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды. Күзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі. 3. Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негіздері және оның құқықтары түсіндіріледі. 4. Ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар», – дейді бұл бап.

Зайыпты деп танылмайынша, ол кінәлі емес деп саналады. Бұл туралы 19-бапта айтылған. Ендеше, Конституцияның кіносіздік презумпциясына қатысты нормалары адамның абыройын сот үкімі шыққанша қорғаудың маңызды тетігін түзеді. Бұл қағида бүгінгі арқыраған өзендей ағындаған ақпарат дәуірінде маңызды.

Себебі бір адам ерігіп не өшігіп ушықтырған күдік әлеуметтік желіде сот үкімінен бұрын-ақ тез тарап кетуі мүмкін. Бұрын қаралауға ұшыраған адамның «жаман аты» ауыл арасында қанқу сөзбен кеулесе, енді бүкіл әлемге жайылып, миллиондаған адамға лезде жете алады. Сондықтан Конституцияның 23-бабы «Цензураға тыйым салынады» деп қатаң бекітеді. Сонымен бірге 4-ші тармағында: «Сөз еркіндігі және

ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс», – деп белгілейді.

Олай болса, құқықтық өркениеттің, тегеурінді мемлекеттің міндеті – журналистерді жаппай қудалау немесе елдің «екі елі аузына төрт елі қаппақ қою» емес, адамның абыройын аяқ астында таппатпау. Үкімді сот шығаруы керек, көпшілікке тараған қауесет үкімді алмастырмауы керек.

«Сөздің де жаны бар» дейді қазақ даналығы. Шынында да, қасиетті қара сөз – жай ғана отыз екі тістің арасынан шыққан дыбыс немесе қағаздағы қара қаріп емес, ол – өзіндік тынысы, рухы мен құдіреті бар «жаратылыс». Жақсы сөз жаңа шұақ құйып қанаттандырса, орынсыз айтылған ауыр сөз өткір қылыштан да терең жара салады. Кейде сұлатып түсірер сом жұдырықтан, теріні көгертер тоқпақтан гөрі, беймәлім біреудің әлеуметтік желідегі жалалы пікірі немесе жақыныңның жаралы сөзі адамды ішінен мүжіп, рухани күйзеліске ұшыратады.

Сондықтан да адамның ар-намысы мен абыройын қорғауды басты орынға қойған Ата заң сөз бостандығын қорғаумен қатар, қанқу-қауесет пен бос сөздің жауапкершілігін де қатаң қадағалайды. Әйтпесе, әрбір айтылған ойдың артында нақты тағдыр, тірі адам тұр. Сөз қадірін түсінген қоғам ғана арды ардақтай алады. Тіліне ие бола алмаған жұрт түбінде жаны да жабырқау күйде қалары даусыз.

ЖЕКЕ ӨМІР – ҚҰПИЯ МЕКЕН

Жаңа Конституцияның 21-бабы адамның жеке өміріне, отбасы құпиясына қол сұқпауға кепілдік береді. «Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануға қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі», – деген норма тұңғыш рет енгізіліп отыр. Осы баппен әрбір қазақстандықтың банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтарының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта хабарламаларының құпиясы заңмен қорғалады.

Бір кезде адамның жеке кеңістігі шаңырағының табалдырығымен шектелетін. Бүгінде оның шекарасы әлдеқайда кең: телефонында – фотосы, компьютерінде – жұмысы, электронды жүйелерде – жеке деректері сақтаулы. Демек, адамның қадір-қасиетін қорғау енді оның денесіне ғана емес, цифрлық болмысына да қол сұқпауды білдіреді. Адамның ешкімге көрсеткісі, естіркісі келмейтін сырларының жасырын мекені болады. Оның «кілті» өзінде. Конституция сол әлемнің есігін рұқсатсыз ашуға мемлекетке де, өзгеге де жол бермейтін құқықтық құлып орнатты.

Ар-намыс пен қадір-қасиет туралы сөз – түптеп келгенде, мемлекеттің өз абыройы туралы сөз. Себебі өз азаматын қорлаған мемлекет өркениетті мемлекет бола алмайды. Өзегінің қадір-қасиетін аяққа таптауға жол берген қоғамның Конституциясы қанша қалың болғанымен, құқықтық мәдениеті жұқа болып қалады. Қазақтың «ар сақтаған – ел сақтайды» деген түсінігі бүгінде жанаша түледі. Адамның ар-ұжданы, абыройы қорғалған жерде ғана заңның салмағы бар. Адамның қадірі биік тұрған жерде ғана мемлекет мәртебелі, әлемдегі беделі биік болмақ.

НАРЫҚ

КӨЛІК МІНГЕН ҚАРЫЗҒА ТҰТЫЛА МА?

Бір кездері автокөлік алу үшін жылдап ақша жинайтын едік. Қазір көлік салонына жеке куәлікпен кіріп, бірнеше сағаттан кейін су жаңа машиналы бола аласыз. Алғашқы жарнасы аз, төлем мерзімі бес-жеті жылға созылады. Жарнамада көліктің толық құны емес, «айына небәрі 150 мың теңге» деген сома көрсетіледі. Осылайша темір тұлпар бұрынғыдан қолжетімді көріне бастады. Бірақ ай сайынғы төлемнің тасасында ұзақ жылға созылатын үлкен міндеттеме тұрғанын көбіміз елеі бермейміз.

Кәмила ДҮЙСЕН

Ұлттық банктің мәліметінше, 2026 жылғы 1 шілдеде елдегі автонесие портфелі 4,2 трлн теңгеге жеткен. 2023 жылдың басында бұл көрсеткіш шамамен 1 трлн теңге болған. Демек, үш жарым жылдың ішінде автонесие нарығы төрт еседен астам ұлғайған. 2023 жылы өсім 77 пайызды, 2024 жылы 53,8 пайызды, ал 2025 жылы 42,1 пайызды құрады. Ұлттық банк халыққа берілген несиелердің ішінде автокөлік сатып алуға арналған қарыздарды жеке санат ретінде есептей бастады. Мұның өзі осы нарықтың банк жүйесінде қаншалықты салмақты орын алғанын аңғартады.

Нарықтың жылдам өсуімен бірге төлемі қиындаған несиелер де көбейді. Ұлттық банк деректеріне сүйенген Банктік омбудсманның мәліметінше, проблемалық автонесиедер көлемі 2023 жылы 93,8 млрд теңге болса, 2024 жылы 179,4 млрд теңгеге, 2025 жылы 211,5 млрд теңгеге жеткен. Ал 2026 жылғы 1 шілдеде 238,6 млрд теңгені құрады. Яғни үш жарым жылға жетпейтін уақытта проблемалық берешек 2,5 есе артқан. Бұл

жай ғана құрғақ сан емес. Оның артында ай сайынғы төлемін кешіктіріп жүрген, табысы азайған немесе несиеcін басқа қарызбен жауып отырған мыңдаған отбасы тұр.

Несие сапасын көрсететін тағы бір маңызды өлшем бар. Ол – үшінші сатыдағы, яғни құнсыздану немесе дефолт белгісі байқалған қарыздардың үлесі. 2025 жылы мұндай автонесиелердің үлесі 5,3 пайыз болса, 2026 жылғы 1 шілдеде 5,6 пайызға жеткен. Салыстыру үшін айтсақ, ипотекадағы осындай қарыздардың үлесі небәрі 1,3 пайыз. Демек, автонесиедегі тәуекел ипотекамен салыстырғанда төрт еседен де жоғары.

БАНКТІК ОМБУДСМАН НЕ ДЕЙДІ?

Бұл көрсеткіштер әзірге бүкіл нарық дағдарысқа түсті деген сөз емес. Бірақ көлікті несиеге алудың қалыпты тұрмыстық әдетке айналуы қарыз қаупін көмескілендіріп жібергенін көрсетеді.

Омбудсманның мәлімдеуінше, көп адам көлік аларда оның түпкі бағасын емес, ай сайын қанша төлейтінін сұрайды. Мәселенің түйіні де осында.



ҚАРЫЗДЫ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Сондықтан 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап банкрот автонесие беру кезінде борыш жүктемесінің коэффициентін қайта есепке алады. Бұған қоса, азаматтың жалпы қарызын оның жылдық табысымен салыстыратын жаңа көрсеткіш енгізілмек. Агенттіктің түсіндіруінше, жиынтық борыштың жылдық табысқа қатынасы шамадан тыс қарызды несие берілмей тұрып анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл – автонесиеге тыйым салу емес. Несіені адамның төлеу қабілетіне жақындату әрекеті. Өйткені банктің «мақұлданды» деген хабарламасы «бұл қарыз сізге қауіпсіз» деген кепілдік емес.

ҚАРЫЗДЫ ҚАРЫЗБЕН ЖАБУДЫҢ СОҢЫ

Төлем қиындағанда жасалатын ең қатерлі қадам – автонесіені жабу үшін тұтынушылық несие немесе шағын несие алу. Бір айдың мәселесі шешілгендей көрінеді. Бірақ келесі айда екі қарыздың төлемі қатар келеді. Осылайша жаңа несие

ескі қарызды асырайтын тұйық айналым басталады.

Қарыз алушының ең үлкен қателігі – жағдай түзелер деп күтіп, бірнеше ай үндемей жүру. Қазақстанда төлем жасау қиындаған азамат банкке несие шарттары өзгерту туралы ресми өтініш беруге құқылы. Мерзімді ұзарту, ай сайынғы төлемді азайту, уақытша шегеру, төлем кестесін өзгерту, өсімпұлдың бір бөлігін есептен шығару немесе кепілдегі көлікті өз бетінше сату секілді жолдар қарастырылуы мүмкін. Өтінішті қарағаны үшін банк ақы ала алмайды. Бұл тәртіптің барлық банктер мен микроқаржы ұйымдарына қолданылатынын Агенттік те түсіндірген.

Банкпен мәмілеге келу мүмкін болмаса, Банктік омбудсманға жүгінуге болады. Бірақ оған дейін банкке берілген өтініш пен жауапты, несие шартын, төлем кестесін және табыстың төмендеуінен растайтын құжаттарды сақтаған дұрыс.

Автокредит елдегі көлік паркін жанартуға мүмкіндік берді. Көп адамға жұмысына қатынауға, отбасын тасымалдауға, кәсіппен айналысуға жағдай жасады. Сондықтан автонесіені тұтасымен жаман құрал деу дұрыс емес. Мәселе – оны қалай және қандай есеппен алуда.

КӨКЕЙКЕСТІ

1 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ



Қазір сирек
металдарды кім уысында
ұстаса, әлемді сол билейді.
Аса маңызды минералдар жаңа
дәуірдің беталысын айқындайтын
стратегиялық капиталға айналды.
Экономика да, геосаясат та, қауіпсіздік
те осы ресурстың төңірегінде тоғысып
жатыр. Қазақстанда бұл шикізаттың
қыруар қоры бар. Бірақ жер
қойнауында қордың болуы бір
бөлек те, оны өндіру, терең өңдеу,
технологиялық бәсекеге төтеп
беру – өз алдына өзекті
міндет.



Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Тауда Қауіпсіздік Кеңесінде сирек кездесетін металдар саласын дамыту мәселесі талқыланды. Мемлекет басшысы Үкіметке геологиялық барлау, техногендік қалдықтарды қайта өңдеу, зертханалық базаны жаңғырту, кадрлар құрамын нығайту, өкімшілік кедергілерді қысқарту жұмыстарын қадағалап тапсырды.

— Қазба байлығы мол елдер үшін әлемдегі ахуал тиімді әрі бірегей мүмкіндіктерге жол ашып отыр, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, мұны мемлекет мүддесіне пайдалану керек. Өйткені жасанды интеллектті, ясақ энергетиканы, аэрокосмос Өнеркәсібінің, қорғаныс кешенінің сирек металдарсыз елестету мүмкін емес. Мәселен, неодим, празеодим, диспрозий, тербий материалдары электр көлігінде, жел генераторында, суасты қайықтарының дөббьсыз моторында, F-35, Су-57, J-20 сынды бесінші буындағы ұшақтарда кеңінен қолданылады. Бір ғана F-35 жойғыштың құрастыруға 417 келі сирек металл жұмсалады екен. Электрондық құралдардың, энергия сақтау жүйелерінің негізін литий, кобальт, никель, марганец құрайды. Сигналдарды өте жылдам өңдейтін галлий, германий, индий, скандий секілді элементтер ЖИ чиптерін, талшықты-оптикалық

теосаяси текетіріс әлден-ак өршіп баралы. Басты мәселе кенді кімнің көп өндіргеніне емес. Шикізат шығару – күрделі технологиялық тізбектің алғашқы кезеңі ғана. Одан сон кенді байытып, қажетті элементтерді бөліп алып, тазартып, озық технологиялық өндіріске жарамды материалға айналдыру керек. Қазір сирек металдарды өңдеу қуаттарының 85-90 пайызы Қытай бақылауында. 2023 жылдан бері Бейжін бұл монополиясын қысым құралы ретінде қолдануға көшті. Галий, германий, сурьма, графит экспортына тежеу қойып, импортқа тәуелді Батыс өнеркәсібіне тікелей қауіп төндірді. АҚШ пен Еуропа оған жауап ретінде экспорт көздерін әртараптандыруға кірісті.

Сондықтан сирек металдар мәселесі Қауіпсіздік Кеңесінде кездейсоқ талқыланған жоқ. Президент осы арқылы «қауіпсіздік ұғымы әскери әлеуетпен шектелмейді» дегенді мензеп отыр.

Жалпы, Қазақстанда вольфрам, титан, бериллий, рений, тантал, литий, т.б. сирек металдардың орасан қоры шоғырланған. Олар дербес кен орындары түрінде де, полиметалл, көмірсутек кен орындарындағы ілеспе компоненттер түрінде де кездеседі. Алайда геологиялық карталардың 70 пайыздан астамы 1960-1980 жылдары көнерген әдістемелер көмегімен түсірілген. Елаумағы 1:200000 масштаб-тағында түгел қамтылғанымен, ес-тегіздей 1:50000 масштабындағы



байланыс желілерін, түнгі бақылау аспаптарын жасауда пайдаға жарайды. Ракета қозғалтқышында, реактивті ұшақ турбинасында, атом реакторының корпусында, берен бұзығыш снарядтарда титан, ниобий, бериллий, вольфрам, тантал тәрізді элементтер болады. Бұлардың қандай бірлікте жұмыс істейтінін түсіну үшін қарапайым смартфонға қарайық: дисплейдің сенсор қабатында — мөдір индий оксиді, 5G чиптерінде — галлий арсениді, камера мен вибромоторда — неодим магниттері, батареяда — литий мен кобальт, плата мен корпуста тантал, вольфрам, титан бар. Яғни күнделікті қолымыздан түспейтін шағын құрылғының өзі бүгінгі өркениеттің сирек металлдарға қаншалықты мұқтаж екенін көрсетеді.

Дүниежүзілік банк болжамынша, 2050 жылға қарай аса маңызды минералдарға сұраныс 500 пайызға дейін артпақ. Сирек металдар нарығында

барлау нәтижелері 30 пайыздан аспайды. Халықаралық KAZRC, JORC стандарттарына сай қайта бағалау жұмыстары енді жүргізіле бастады. Бұл ескі геологиялық архивтердің сыртында әлі де ашылмаған кен орындары бұғып жатқанын білдіреді.

Жер астындағы қазынаның Кедейірі бөлігі – вольфрам мен молибден еңшісіне. Мемлекеттік баланста 2,4 млн тонна вольфрам триоксиді немесе 1,9 млн тонна таза вольфрам тіркелген. Дүниежүзілік өнеркәсіп жылына 85-90 мың тонна вольфрам тұтынатынын ескерсек, біздің ресурс Жер шарын жалғыз өзі 20 жыл бойы қамтамасыз етуге жетеді. Молибден мөлшері 1,1 млн тоннаға жуықтайды. Вольфрам мен молибденнің ең ірі кен орындары Қарағанды облысында орналасқан. Мысалы, Жоғарғы Қайрақтыдағы вольфрам триоксидінің дәлелденген қоры 1,2 млн тоннадан артық. Осы

өңірдегі Қатпар, Көктенкөл, Алматы облысындағы Бұғыты мен орындарынан да көл-көсір молибден мен вольфрам табылған. Бериллий қоры мемлекеттік есепте 117,5 мың тонна делінеді. Әлемдік бериллий өндірісінің біржылдық көлемі небәрі 280-300 тонна десек, Қазақстан қоры ғаламдық қажеттілікті 400 жыл жабуға қауқарлы екен. Осы бериллий, тантал және ниобий ресурстары ШКО-дағы Белогорск, Огнева, Бакенное кентері орындарында көп. Титан мен цирконийдің ерекше сапалы, оңай байытылатын қорлары СКО-дағы Обухов, ШКО-дағы Караөткел, Сәтбаев шағыранды қан орындарында жинақталған. Жоғары технологияда айрықша бағаланатын рений қоры да әжептәуір мол. Жезқазған, Балқаш мыс

Ендеше «Қазақстанның сирек металдар қоры қанша?» деп сұрағанша, «сол қордың қаншасы экономикалық активке, активтің қаншасы өндірістің жобаға, өндірістің қаншасы қосылған құнға ұласады?» деп сұраған дұрыс. Әрине тек шикізат экспорттаушымыз жауырыды жаба тоқыймыз. Бірақ жоғары технологияны бастан-аяқ меңгерген металл өндіруші мемлекет те емеспіз. Мамандар аса маңызды металдар өнеркәсібін төрт кезеңге жіктеп қарастырады. Алғашқы кезең руданы жер астынан не ашық қарьерден қазу, екіншісі – руданы байыту, үшіншісі – металлургиялық өңдеу, төртіншісі – тұрақты магниттер, литий-ионды батареялар, микрочиптер, ұшақ турбиналарының қалқалшарлары, т.с.с. жоғары технологиялық бұйымдар әзірлеу. Біз осы тізбектің орта тұсындамыз. Қолымыздан келетіні – кенді байытып, металлургиялық және химиялық жолмен өңдеу ғана. Бірақ төртінші кезең жартыдан қана. Кейбір металдар бойынша әлемдік дәрежедегі өндіріс-

даудан байыту схемасына, пилоттық сынақтан өндірістік технологияға дейінгі ұзақ жолда кедергі көп.

Қазақстандағы әлсіз буын осы технологиялық көпірге байланысты. Зертханалық технологияның өндірістік масштабта жұмыс істейтінін дәлелдеу үшін Pilot Plant керек. Өнімінің тазалығы, реагент шығыны, энергия тұтынуы, қалдық көлемі, простейтін тұрақтылығы тек осы кезеңде анықталады. Содан кейін ғана банк қаржыландыратын жобалық негіздеме жасалады.

Тағы мәселе — капитал. Геологиялық барлаудан алғашқы коммерциялық өнімге дейінгі цикл 7-12 жылға созылуы ықтимал. Инвестициялық тәуекелі жоғары, қайтарымы ұзақ жобаларға ақша тарту қиымет-қайым.

Кадр мәселесі де осы тізбектің өзегінде. Кенестік металлургия мектебі әлісеріген, ғылыми сабақтастық үзілген. Минералог, гидрометаллург, химик-экстракционист, процесс-инженер, материалтанушы және scale-up маманы жоқ жерде технологиялық өндіріс те ақсайды.

Әйтсе де геосаяси жағдай Қазақстанға сирек мүмкіндік сыйлап отыр. АҚШ, Еуропа, Жапония, Оңтүстік Корея елдері Қытайға тәуелділікті азайтып, балама жеткізу тізбектерін іздеп жатыр. Ғаллий, германий, сурьма, графитке қатысты шектеулер аса маңызды минералдар-

СИРЕК МЕТАЛЛАР СЫРЫ



тiзбектiн орта тұсындамыз. Қолымыздан келетiнi – кендi байытып, металлургиялық және химиялық жолмен өндеу ғана. Бiрақ төртiншi кезең жоқтың қасы. Кейбiр металлдар бойынша әлемдiк дәрежедегi өндiрiс-



Жер астындағы қазынаның едәуір бөлігі – вольфрам мен молибден еншісінде. Мемлекеттік баланста 2,4 млн тонна вольфрам триоксиді немесе 1,9 млн тонна таза вольфрам тіркелген. Дүниежүзілік өнеркәсіп жылына 85-90 мың тонна вольфрам тұтынатынын ескерсек, біздегі ресурс Жер шарын жалғыз өзі 20 жыл бойы қамтамасыз етуге қаптал жетеді. Молибден мөлшері 1,1 млн тоннаға жуықтайды. Вольфрам мен молибденнің ең ірі кен орындары Қарағанды облысында орналасқан.

тік гиганттарымыз болса да жалпы өнеркәсіп моделіміз «шикізат өндіру – бастапқы байыту – жартылай фабрикат экспорты» шеңберімен шектелген.

Осылайша, қаншама табыстан қағылып отырмыз. Мұны бір келі өнімінің құнынан да байқаймыз. Рений жай концентрат түрінде он неше долларға, аммоний перенаты түрінде 1200-1500 долларға сатылса, турбинадағы шартты экономикалық эквиваленті 15-20 мың доллар деп бағаланады. Тантай да концентраттан ұнтаққа, ұнтақтан микрокомпонентке өткен сайын бірнеше есе қымбаттайды. Дайын өнімнің құнын өсіретін нәрсе – инженерия, технология, патент, сапа жүйесі һәм нарық. Қазақстанның негізгі ұтылатын жері осында.

Дегенмен сарапшылардың пікірінше, смартфон, микрочип, электромобильдер жасаймыз деп төртінші кезенге құлаш ұрудың қажеті шамалы. Себебі ондай өндірістер тек сирек металдарға емес, миллиондаған қосалқы бөлшектер экожүйесіне, өткізу нарығына, арзан микрочиптер өндірісіне байланған. Қазақстанда мұның бәрін шығаратын толық циклді зауыттар салу экономикалық жағынан өзін-өзі ақтамайды. Сондықтан «Бәрін өзіміз жасаймыз» деп күшенбей, жаһандық тізбектегі экономикалық тұрғыдан тиімді буынды тандауымыз керек. Концентратты оксид, оксидті таза химиялық өнім, химиялық өнімді металл, металды арнаулы қорытпа қылатын өндірістер – Қазақстан үшін анағұрлым пайдалы бағыт. Жоғары технологиялық өндіріс металлургиялық зауыттың жалғасы ғана емес. Ол үшін инженерлер, зерханалар, компонент өндірушілер, сертификаттау жүйесі, тұрақты энергия, кідіріссіз логистика, үлкен тұтыну нарығы қажет. Авиацияда, микроэлектроникада жылдар бойы жиналған технологиялық тәжірибені бірнеше жылда сатып ала салу қиын. Кеннің минералогиялық құрамы әртүрлі болғандықтан, бір кен орнына жарайтын технология екінішісіне сол күйінде көшірілмейді. Минералогиялық тап-

ды ұлттық қауіпсіздік деңгейіне шығарды.

Бұл Қазақстан үшін ашылған тереже іспетті. Рас, «бізде металл бар» десек, бәрі жаппай келе қалады екен деуге болмайды. Инвесторларға сенімді заңнама, ашық геология, технологиялық өңдеу, ESG талаптарына сәйкестік, ұзақмерзімді келісімдер қажет.

Еуроодақ Critical Raw Materials Act саясаты бойынша 2030 жылға таман стратегиялық шикізаттың кемінде 10 пайызын өз ішінде өндіруді, 40 пайызын өңдеуді және бір ғана үшінші елге тәуелділікті 65 пайыздан асырмауды көздейді. Қазақстан литий, тантал, вольфрам, бериллий, титан жеткізу жөнінде Еуропаның осы стратегиясы-
ның өз мүддесін пайдалана алады.

Ендігі жерде шикізат базасы рөлімен токмейілісіп қалмай, өндірістік серіктес деңгейіне көтерілімді қерек. Шетелдік инвесторға «лицензия ал да, кенді қазып, экспортта» деумен шектелмей, ресурсты игерумен қатар Қазақстанда оны өңдейтін өндіріс ашу, технологиялар тарту жөніндегі талаптар қойылуға тиіс.

Осы орайда Аустралия, Канада, Чили, Қытай тәжірибесінен сабақтауға болады. Аустралия геологиялық ақпаратты айқара ашып, инвестордың тәуекелін төмендетті. Канада барлау капиталына салықтық ынталандыру берді. Чили ресурсты ішкі өңдеушілерге бағыттайтын механизмдер қолданды. Қытай сирек металдарды өндіруден гөрі оларды бөлу, тазарту технологияларын инвестиция салды.

Бәріңдегі ортақ қағида айқын: мемлекет зауыттарды өзі салмай, керісінше, зауыт салатын инвесторға жағдай жасама ығі. Ашық геологиялық мәлімет, инфрақұрылым, зерттеу, пилоттық база, тұрақты заңнама болса, капитал мен технология ертен-ақ өз аяғымен келеді.

Ең маңыздысы – қор көлемін ғана есептейтін көзқарастан бас тарту. Әйтпесе кен бар, қор бар, өндіріс бар, экспорт бар. Бізге жетіспейтіні – осыларды бір жүйеге біріктіретін технологиялық және қаржылық стратегия.

Шыны керек, бұл заманның адамының негізгі мәселесінің бірі – артық салмақ. Адамдар артық салмақпен күресу барысында медицинадағы соңғы жаңалықтардың бәрін қолданып көруде. Осыдан біраз жыл бұрын артық салмақпен күресте дәрі-дәрмектер, түрлі сусындар сөнге айналып еді. Кейінгі жылдары қазақ қоғамы «пептид» деп аталатын кіндіктен салатын уколдардың «қызығын көруді» бастап кетті.

Айгүл СЕЙІЛ

Иә, пептидтер спортта, косметологияда және медицинада ең көп талқыланатын тақырыптардың біріне айналды. Біз пептидтердің ағзадағы маңызы мен қазіргі «трендке» айналған тұстарына тоқталуды жөн көреміз. Пептидтер — аминқышқылдарының тізбегінен тұратын кішігірім молекулалар. Олар өз құрамындағы аминқышқылдарының санына қарай екі үлкен топқа бөлінеді: біріншісі, олигопептидтер, тізбегі қысқа дипептидтер, трипептидтер, тетрапептидтер. Көбіне спортта және косметологияда белсенді түрде қолданылады. Екіншісі, полипептидтер, тізбегі ұзағырақ, құрамындағы аминқышқылдары 20-дан асады.

Қазір артық салмақтан лезде арылу үшін пептидтердің екінші тобына жататын полипептидтерді бақылаусыз қолдану трендке айналған. Аминқышқылдарының тізбегінен тұратын кішкентай молекулаларды денеге уколмен енгізген соң, олар іштегі клеткаларға барып: «Метаболизмді жеделдет», «Тамаққа деген тәбетті бас», «Майды өрте» деген сияқты команда береді. Жалпы, бұл уколдардың маркетинг жұмысы керемет жолға қойылған: «Диета ұстамайсыз, қиналып жаттығу жасамайсыз, аптасына бір рет укол саласыз, сонымен бір не екі айдан соң арықтайсыз». Әлеуметтік желілерден «арықтау» деп іздеп қалсаңыз, алдыныңыздан пептидтің жарнамасы атып шығады. «1 айда 10 келі тастатқан сиқырлы

ПЕПТИДТІК ТЕРАПИЯ: МЕДИЦИНАЛЫҚ ТӨҢКЕРІС ПЕ, ӘЛДЕ БИЗНЕС ПЕ?



дәрі», «Голливуд жұлдыздарының арықтау сыры» деген жарнамалар кез келген адамды еліктірері сөзсіз. Соның бөрінін айтып жүргені — пептидтер мен арнайы инъекциялар.

Жарнама демекші, оның құрбанына айнала жаздағандар да бар. Астаналық Самал (атын өзгерттік) әлеуметтік желі арқылы пептидтік терапияның жарнамасын көріп, соны жарнамалаған орталыққа барды. Ол жерде Самалды УДЗ-дан өткізіп, бауыр, өт, ұйқыбезін тексерген дәрігер: «бауырыңыз майланған, өтіңіз толып тұр. Ағзанызда зат алмасу төмендеген. Сондықтан сізге пептидтік терапия қажет. Екі айда арықтатамыз. Егер қаржылай мүмкіндігіңіз болмаса, біз сізге 24 айға бөліп төлеуді ұсынамыз», — дейді. Кейіпкеріміз сыпайы қоштасып кетіп қалады. Айта кетейік, олардың бөліп төлеуге ұсынғаны — 900 мың теңгенің шамасындағы қызмет. Әрі дәрілер де ұсынған.

Пептидтердің әсер ету принципі 3 қадамнан тұрады: біріншісі, миды «алдайды». Асқазанға тамақ түскенде, бұл пептидтер миға «Мен тойдым, енді тамақ жеудің қажеті жоқ» деген сигнал жібереді. Тәттіге немесе майлы тағамға деген құмар-

лық сиқырлы түрде басылады. Екіншісі, асқазанды баяулатады. Үшіншісі, зат алмасуды реттейді. Қандағы қант пен инсулин деңгейін қалыпқа келтіріп, ағзаның артық майды жинауына жол бермейді.

Бұл терапияның танымал болуына әлеуметтік желімен қатар әлемдік жұлдыздардың ашық мойындауы да әсер еткенін айтуымыз керек. Мысалы, Tesla & X басшысы Илон Масктан оқырмандары қалайша қысқа мерзімде арықтағанын сұрағанда, ол жасырмай-ақ: «Интервалды аштық және Вегови (Wegovy/Семаглутид)», — деп жауап берген.

Жылдар бойы артық салмақпен күресіп келген тележүргізуші Опра Уинфри де пептидті терапияны пайдаланғанын ашық айтты. Ол бұл әдісті «ерік-жігердің жогығынан құтқаратын құрал емес, медициналық көмек», — деп сипаттаған.

Алайда актер Стивен Фрай мен комедиант Эми Шумер сияқты жұлдыздардың жүрек айнуы мен әлсіздік сияқты ауыр жанама әсерлерге шыдай алмай, бұл терапияны тоқтатуға мәжбүр болғанын да ұмытпауымыз керек.

ШЕКАРАНЫ ҚАЛАЙ АЙҚЫНДАУҒА БОЛАДЫ?

Пептидтік терапия — нағыз медициналық төңкеріс пен миллиардтаған долларлық бизнестің тоғысқан жері. Яғни бір жағынан қарасаң, медицинадағы зор жаңалық, екінші жағынан, бизнестің нағыз өзі.

Медициналық жағынан алсақ, пептидтер — болашақтың дәрілері. Бұл — жай ғана маркетингтік ойлап тапқаны емес, Нобель сыйлығы дәрежесіндегі ғылыми жаңалықтың нәтижесі. Олар нақты нысанаға әсер етеді. Бұрынғы агрессивті дәрілер сияқты бүкіл ағзаны зақымдамайды. Пептид белгілі бір рецепторға кілт сияқты сәйкес келеді де, тек қажетті үдерісті (мысалы, инсулин бөлуі немесе клетканы регенерациялауды) іске қосады.

Созылмалы ауруларды емдейді. GLP-1 пептидтері бастапқыда 2-типі қант диабеті мен 2,3-дәрежелі семіздікті емдеу үшін (инсульт, инфаркт қаупін 20%-ға азайту) ойлап табылды. Ол расымен де зат алмасу бұзылысын емдейді. Ағзаға табиғи жақын. Пептидтер біздің денеде табиғи түрде бар заттардың аналогы болғандықтан, дұрыс тағайындалса, тиімділігі өте жоғары.

Ал бизнес жағына өткеннен бастап нағыз «сұр зона» басталады. Арықтау тақырыбы әлемдегі ең өтімді тақырыптардың бірі болғандықтан, пептидті қарапайым халыққа тауар ретінде ұсынған күні фармацевтикалық гиганттардың бәсекесі пайда болды. Мысалы, Novo Nordisk (Ozempic, Wegovy) және Eli Lilly (Mounjaro) сияқты компаниялардың капитализациясы пептидтердің арқасында триллион долларға жақындады. Бұл — фармацевтика тарихындағы ең табысты өнімдердің бірі екенінің көрсеткіші.

САУ АҒЗАҒА ПЕПТИД КЕРЕК ПЕ?

Медицина саласында 20 жылдан астам тәжірибесі бар білікті дәрігер Күміс-ай Аташеваның айтуынша, пептидтер дегеніміз — GLP-1 (Глюкагон тәрізді пептид-1 / Glucagon-like peptide-1) және GIP (Глюкозаға тәуелді инсулинотропты полипептид / Glucose-dependent insulino-tropic polypeptide) құрамы бар препараттар. Олар сатылымда Оземпик (семаглутид), Саксенда (лираглутид), Мунджаро (тирзепатид) атауларымен сатылады. Бұл препарат негізінен қант диабетімен ауыратын науқастарға арналған. Кейде семіздіктің ең ауыр сатысында қолдану ұсынылады. Бұлардың екеуі де — ағзаның табиғи «көмекшілері».

ЖАНАРҒА ТҮСКЕН САЛМАҚ



Дәрігерлер елімізде көз ауруларына шалдыққан балалар мен жастардың көбейгеніне алаңдаулы. Ал статистикалық мәліметтерге көңіл аударсақ, жағдайдың тым ушығып бара жатқанын байқаймыз. Офтальмологтарының айтуынша, қазір оқушылардың 70-80 пайызының көру қабілеті бұзылуы мүмкін, тіпті елдегі әрбір бесінші бала алыстан көре алмайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпарынша, әлемде әр минут сайын 1 бала, 5 секунд сайын 1 ересек адам жанарын жоғалтады екен. Мұның бәрі — ауруды дер кезінде емдемей, асқындырудың салдары.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институтының дерегі де бұл сөзімізге дәлел болып отыр. Институт зерттеуінше, миопия мектеп оқушылары арасындағы офтальмологиялық аурулардың тізімінде бірінші орында тұр. Қалалық мектептерде миопия көрсеткіші 30 пайызға жеткен. Мамандар балалар арасындағы көз ауруларына қатысты нақты орталықтандырылған статистика жоғын айтады, демек біз айтып отырған көрсеткіш бұдан да жоғары болуы әбден мүмкін. Офтальмологтар мұның басты себебі көзге шектен тыс салмақ түсіру деп отыр, олар балалардың көз жанарын сақтау үшін экран уақытын шектеуді ұсынады.

30 МЫҢ БАЛА ДИНАМИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУДА

Өкініштісі, қазір елімізде көзі нашар көретін 17 жасқа дейінгі 3 мыңнан аса бала мүгедектікке тіркелген, ал оның 300-ге жуығы әлі 3 жасқа да толмаған. Балалар арасында мүгедектікке, негізінен, көздің туа бітті ақаулары, торқабықтың тұқым қуалайтын дистрофиялары, көру жүйкесінің, көздің тамырлы қабығы мен торқабығының аурулары, жоғары дәрежелі миопияның асқынған түрлері басты болып отыр. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, бүгінде тәулік бойы жұмыс істейтін стационарларда көздің тамырлы қабығы аурулары диагнозымен 2 мыңға жуық бала ем алған. 1 062 балаға — торқабық аурулары, 1 025 балаға — көру жүйкесінің аурулары, 1 016 балаға

ТЕЛЕФОНҒА ТӘУЕЛДІЛІК УШЫҚТЫРЫП ТҮР

ЮНИСЕФ қорының дерегіне, әлемде көмелет жасына толмаған 2,4 млрд бала болса, соның 90 пайызында жеке смартфон бар. Бұл дегеніміз — олар уақытының көбін телефонға телмірумен өткізеді деген сөз. Телефоны жоқ балалар ата-анасының құрылысына бақылаусыз қол жеткізе де алады. Ал бұл мәселені одан сайын ушықтырып тұр. Соның салдарынан көз көбіне жақын қашықтықтағы жұмысқа бейімделе бастайды, сонында балалардың ұзақ уақыт жақыннан жұмыс істеуі көз алмасының ұзаруына әсер етіп, миопия пайда болады. Дәрігерлердің айтуынша, 25-30 сантиметрден жақын қашықтықта ұзақ көру миопия қаупін 2,5 есеге арттырады

екен. Медицина мамандары кез келген гаджет, телефон не компьютерді қолданған соң 20 минуттай міндетті түрде демалу керектігін айтады. Бұл көз тамырларының босануына мүмкіндік береді.

Негізінен, дәрігерлер пікірінше, ата-ана экран уақытын шектеуден бөлек, балаларға гаджетті қалай дұрыс пайдалану керетін түсіндірген абзал. Мәселен, офтальмолог Ербол Сарымсаков көз саулығын сақтау үшін күнделікті таза ауа жұтып, серуендеп қайтудың маңызы жоғары болатынын айтады.

— Күніне екі сағаттан артық таза ауада серуендейтін балаларда көру қабілетінің төмендеуі 50-60 пайызға сирек кездеседі, себебі бұл кезде бала гаджеттен алыстап, көзі алысқа қарап, көз бұлшық еттері демалады, — дейді маман.

Оның айтуынша, гаджетті толық алып қояудан гөрі оны дұрыс пайдалану режимін қалыптастыру керек. Мысалы, 2 жасқа дейінгі балаларға телефонды мүлде бермеген дұрыс. 2-7 жас аралығында экран уақыты күніне бір сағаттан аспағаны жөн. 7-14 жаста гаджетті үзіліспен қолдану қажет. Ал 14 жастан кейін жарты сағат қарап, жарты сағат демалатын режимді ұстанса, көзге түсетін салмақ айтарлықтай азаятын көрінеді.

Офтальмолог Алуа Талғатқызы да бала саулығына үнемі мән беру ата-ана міндеті екенін ескертіп, көру қабілетіне бейжай қарамауға шақырды.

— Кішкентай балаларға ұзақ уақыт телефонға шұқшия қарап отыруына болмайды. Бала өсіп келе жатқанда, көз алмасы да өседі, мұндай кезде ұзақ уақыт телефонға қараудың кесірінен бұлшықет спазмы болуы мүмкін, содан кейін миопия пайда болады. Ата-ана баласын қадағалап-қарау керек, мектепте түсіндірме жұмыстары өтуге тиіс, — дейді ол.

Дәрігердің айтуынша, дүниеге келген баланың көру қабілеті +3, 3,5 тіпті +5-ке дейін болады екен, мектеп жасына дейін көз алмасы өсіп, көрсеткіш төменге түседі. Егер осы кезде баланың күтіміне көңіл бөлмесе, көру қабілеті төмендеп, миопияға айналады. Ересектер жұмыс арасында үзіліс жасап, күтінсе, көп мәселе туындамайды. Ал миопия әдетте мектеп және университетте оқып жүрген кезде жиі байқалады екен.

Сонымен қатар түнгі ұйқының бұзылысы, D дәрумені тапшылығы, табиғи жарықтың жеткіліксіз болуы да көру қабілетін нашарлатады. Телефонға тәуелділіктің әсерінен де елде 1-2 жасар балалар арасында көздің қылилануы көбейіп барады. Әдетте кейбір балалар көру қабілетінің нашарлағанын ата-анасына айтса ұрсады деп ойлап, қорқып жүреді. Егер де қандай да бір шағымдар болса, уақыт созылмай дәрігерге бару қажет. Бұл асқынулар мен қауіп-қатердің алдын алуға көмектеседі.

Бұл мәселе әлемдік жағдайда алаңдатарлық күйде. 2050 жылға қарай бұл көз ауруының таралу деңгейі шамамен 40 пайызға жетуі мүмкін. Алдағы 10 жылда барлық адам көзілдірік тағады деген болжам шындыққа жанаспа ма деп қорқатын күн туды. Ендігі бар амал, көз ауруын ауыздықтаудың жалғыз жолы — балаларды қадағалаусыз қалдырмау және уақытылы медициналық тексерілуден өтіп тұру.

БАЙҚАУ КЕНЕСТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ Астана қаласы әкімдігінің «№14 қалалық емхана» ШЖҚ МКК Байқау кеңестері мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды: 1. Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің; 2. Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің; 3. Денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған; 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған; 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған; 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды. Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар: 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған), өтініш осы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды адамдарына қатысты уәлетестігі туралы мәліметтерді қамтуы қажет; 2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме; 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған); 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі; 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі; 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар, сондай-ақ осы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды тұлғаларына қатысты уәлетестігі туралы мәліметтер.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) берудіңе болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, өкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетіледі. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді және «___ - мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «___ дейін ашуға болмайды» (конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсты өткізу орны — Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11,

413-кабинет, тел.: 557484, 556842.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) — 2026 ж. 1 қыркүйек.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) — 2026 ж. 30 қыркүйек.

ТАМЫЗ ТАЛАБЫ

СЫН КӨТЕРМЕЙТІН САНИТАРИЯ

Жаңа оқу жылы басталып, алғашқы қоңырау да соғылды. Қоңыраудың үнімен гүл шоқтарын ұстаған оқушылар мектепке асықса, бөтеңкесін теріс киіп, алғаш мектеп табалдырыған аттаған бүлдіршіндер үлкен өмірге қадам басуда. Бала біздің болашағымыз десек, міне осы балғындардың қауіпсіз әрі сапалы білім алуы – басты мақсатымыз. Алайда мектептер жаңа оқу жылына қаншалықты дайын? Санитарлық талаптар сақталған ба? Балалардың қауіпсіз білім алуы қаншалықты қамтамасыз етілген? Санаға салмақ салған сан сауалға жауап іздеп көрсек.



Елдар КАБА (солдағы)

Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Жамбыл облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті берген ақпаратқа сүйенсек, мекеме осы таңға дейін жергілікті билік өкілдері мен білім саласына жауапта мамандарға олқылықтардың орнын толтыру бойынша 30-дан астам хат жолдапты.

— Қазір облыста 530 мектеп бар. Оның 448-і мемлекеттік, 82-сі жекеменшік. 152 оқу ордасы қалада, 378-і ауылдық жерлерде орналасқан. Сонымен қатар өңірде 10 мектеп-интернат жұмыс істейді. Білім ошақтарының 393-і үлгілік, 137-сі бейімделген ғимаратта орналасқан.

Білім беру нысандарының инженерлік инфрақұрылымы да әркелкі. Атап айтсақ, 440 мектеп орталықтандырылған, 89-ы жергілікті сумен жабдықтау жүйесіне қосылған. Мойынқұм ауданындағы Қашқантеңіз бастауыш мектебі болса, әлі күнге тіршілік нәрін тасымалдап тұтынады. Одан бөлек, 132 мектеп орталықтандырылған көріз жүйесімен, 398 мектеп жабдықтау жүйесімен қамтылған. Ал 108 білім нысанында орталықтандырылған, 422 оқу ордасында жергілікті жылыту жүйесі жұмыс істейді.

Жыл басында облыста апатты жағдайдағы екі мектеп болған. Мойынқұм ауданы Құшаман ауылындағы Амангелді атындағы орта мектеп ғимаратының апатты жағдайда екені техникалық сараптама арқылы расталды. Мұнда 143 оқушы білім алады. Мектеп мәселесін жаңа ғимарат салу арқылы шешу жоспарлануда. Алайда жаңа оқу жылына бұл түйткілдің түйіні тарқамады. Сондықтан оқушылар жаңа оқу жылын ауылдық әкімдік ғимаратында бастап кетті. Ал Шу қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектептің жаңа корпусы Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен салынып аяқталды. Қазір жаңа санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін құжаттарды рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде, — дейді департамент басшысының орынбасары Салтанат Алибаева.

Биыл облыста алты мектеп пен бір интернат ұйымында күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынған. Атап айтсақ, Жуалы ауданындағы К.Сағындықов атындағы №4, Қордай ауданындағы Ш.Уәлиханов атындағы №28, Тараз қаласындағы №54, сондай ақ Шу ауданындағы Абай атындағы, С.Естемесов атындағы және Мойынқұм орта мектептерінде жөндеу жүргізілуде. Тараз қаласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығында да жөндеу жұмыстары атқарылды. Интернаттағы жөндеу толық аяқталған. Жалпы мектептердегі құрылыс жұмыстары 72-99 пайыз аралығында орындалып отыр.

Жыл соңына дейін облыста 12 білім беру нысанының құрылысын аяқтау жоспарланған. Оның үш-

еуі — мектеп, қалған тоғызы — білім беру ұйымдарына арналған қосымша ғимарат. Аталған нысандар Байзақ, Жамбыл, Талас, Шу, Т.Рысқұлов аудандарында және Тараз қаласында бой көтеруде.

Департамент тарапынан білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығын бағалау мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг те жүргізілген. Маусым айында облыстағы 532 нысан, оның ішінде 505 жалпы білім беретін мектеп, 14 мектеп интернат және 13 мектептің ас блогы зерделенген. Мониторинг нәтижесінде 524 объектіде санитариялық талаптардың бұзылғаны анықталып отыр. Бұл — тексерілген нысандардың 98,5 пайызын құрайды. Бұл әрине алақайлайтын көрсеткіш емес. Сонда мектептердің түгелге жуығында санитарлық талаптар толық сақталмай отыр деген сөз.

Анықталған олқылықтардың дені жөндеу жұмыстарына қатысты тіркелген. 419 объектіде жөндеу жүргізу, 13 нысанда қоршауларды, 21 объектіде жол төсемін, 214 нысанда инженерлік желілерді ретке келтіру талаптары өрескел бұзылған. Нәтижесінде, заңнама талаптарын бұзушылықтарды жою туралы 520 ұйғарым шығарылып, төрт нысанға жедел ден қою шаралары қолданылған.

“Білім беру нысандарының инженерлік инфрақұрылымы да әркелкі. Атап айтсақ, 440 мектеп орталықтандырылған, 89-ы жергілікті сумен жабдықтау жүйесіне қосылған. Мойынқұм ауданындағы Қашқантеңіз бастауыш мектебі болса, әлі күнге тіршілік нәрін тасымалдап тұтынады. Одан бөлек, 132 мектеп орталықтандырылған көріз жүйесімен, 398 мектеп жергілікті көріз жүйесімен қамтылған. Ал 108 білім нысанында орталықтандырылған, 422 оқу ордасында жергілікті жылыту жүйесі жұмыс істейді.”

Бұдан бөлек, Мойынқұм ауданындағы екі және Тараз қаласындағы алты мектеп бойынша кемшіліктерді жоюға қаржы бөлу жөнінде жергілікті атқарушы органдарға сегіз жеке ұсыным жолданған.

Балалардың қауіпсіздігі мектеп ғимаратымен ғана шектелмейтіні белгілі. Олардың күнделікті тұтынатын өнімдерінің сапасы да санитариялық талапқа сай болуы керек. Жаңа оқу жылына дайындық барысында балалар киімдерінің 61 үлгісі зертханалық сараптамадан өткізілген. Оның ішінде 24 мектеп формасы мен сегіз мектеп сөмкесі тексерілген. Зерттеу барысында 26 үлгінің таңбалануы талаптарға сәйкес келмеген. Оның ішінде 15 мектеп формасы мен төрт сөмке анықталған. Сәйкессіз өнімдер бойынша оларды кері қайтару туралы тиісті қаулылар шығарылып отыр.

Мектептегі оқушыларды тамақтандыру сапасы да жіті назарда болуға тиіс. Бұл жөнінде күні кеше Құрылтай депутаттарының алғашқы отырысында Мемлекет басшысы да ескертті. Алайда әлі де болса «әттеген-ай» дейтін тұстарымыз

аз болмай тұр. Мәселен, 2025 жылдан бастап облыс мектептерінде жаңа Тамақтану стандарты мен мектепте тамақтандырудың үлгілік перспективалық мәзірі енгізілді. Жаңа талаптар тұз, кант пен майды тұтынуды азайтуға, көкөністер мен жемістерді көбейтуге, ет ассортиментін, соның ішінде жылқы етін әртараптан-дыруға бағытталған. Сонымен бірге шұжық, ысталған өнімдер және құрамында қанты жоғары шыршындар секілді өнімдер мәзірден алынып тасталды. Бұл шаралар балалар арасында семіздік, диабет және жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға бағытталып отыр. Десе де, алдыңғы жылы Байзақ ауданында бүтін бір сыныптың оқушылары астан ула-нып, ауруханадан бір-ақ шыққанын ел ұмыта қойған жоқ. Олардың қатарында мектеп ұстаздары да болды. Бұл балаларды тамақтандыру стандарттары әлі күнге сақталмай келе жатқанын анық аңғартып отыр. Одан бөлек, былтыр Байзақ ауданында мектеп жанындағы дүкеннен жеңіл тағамдар алып тұтынған тағы бір топ оқушы ауруханаға түсті. Бұның бәрі білім саласындағы салғырттық пен балаларды тамақтандыру жүйесіндегі жүйесіздікті көрсетуде. Осыған орай биыл санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандары білім беру ұйымдары-

ның қызметкерлері мен тамақтандыру қызметін көрсететін кәсіпкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізген. Жыл басынан бері аудандық білім бөлімдері мен жергілікті атқарушы органдарға 121 ақпарат дайындалып, 46 семинар өткізілген. БАҚ-та 36 мақала жарияланып, 9 радиобағдар ұйымдастырылған. Сонымен қатар 3 347 әңгімелесу, 522 дәріс оқылып, әлеуметтік желілерде 466 жарияланым орналастырылған. 11 «дөңтелек үстел» отырысы 3 акция және 53 «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, тұрғындармен 5 кездесу өткізілген. Бұл жұмыстар өз жемісін берсе құба-құп. Әйтеуір, сұлу сандар статистика күйі калып, биыл тағы бармақ тістеп жүрмесек болғаны.

Әрине, байыбына бармай аулақпыз. Алайда кейінгі жылдары білім саласындағы жұмыстар сын көтермей, жауапты басшылар жыл тұрақтамай қызметтік орнын босатуда. Бұл әрине жақсылыққа апармайтыны анық. Сондықтан басқарма мен бөлім басшылары өз жұмыстарына жауапкершіліктен қарап, бала тағдырын таразыға салмайды деп сенеміз.



ЖОСПАРДАН КЕШІККЕН ЖӨНДЕУ

Елімізде биылғы жаңа оқу жылында 47 мектеп ашылады. Тағы 64 білім нысаны осы жылдың аяғына дейін салынып бітуге тиіс. Атырау облысында да биыл 6 мектеп ашылады. Тағы бір мектеп қазанда пайдалануға беріледі деп күтілуде. Жалпы, 2026-2027 оқу жылында Атырау облысында 155,5 мың оқушы білім алады. Бүгінде облыста 210 мектеп жұмыс істеп жатыр. Бір қарағанда бәрі жақсы сияқты. Бірақ облыста құрылысы немесе жөндеуі кешіккен мектептер, үш ауысымды оқу проблемасы әлі де шешілмей отыр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА, Атырау облысы

Атырау облысы әкімі Болат Ақшولاковтың айтуынша, 1 қыркүйек күні пайдалануға берілетін 6 мектептің жалпы сыйымдылығы 3 580 орынға шақталған. Олардың қатарында Атырау қаласындағы Драма театры ауданындағы 2 000 орындық мектеп, «Көктем-2» шағынауданы мен Еркінқала-2 ауылындағы 600 орындық мектептер, Дамбы ауылындағы 300 орындық мектеп, Қызылқоға ауданының Жамансор ауылындағы 80 орындық мектеп-интернаты бар. Бұған қоса, биылғы қазанда Индер ауданының Есбол ауылында салынып жатқан 320 орындық орта мектеп ашылады деп жоспарланған.

Дегенмен мұнайлы өңірде әлі күнге дейін үш ауысымды оқыту мен апатты жағдайдағы мектептердің мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Алдыңғы оқу жылында Атыраудың бес мектебі үш ауысымды режимде білім берген еді. Алайда жаңа нысандар ашылғасын да үш ауысымды мектеп мәселесі толық шешілмейді. Биылғы оқу жылында да әлі үш мектеп сол қалпы білім беруін жалғастырады.

«Облыста жеті апатты мектеп бар. Оның біреуі — Индер ауданындағы К.Ескалиев атындағы мектептің дайындығы 95%-дай, нысанды биыл пайдалануға береміз деп отырмыз. Тағы бес мектептің құрылысы жүріп жатыр, ал біреуінің жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалуда. Жұмыстың барлығын 2027 жылғы тамызға дейін аяқтау көзделген. Нәтижесінде, облыстағы үш ауысымды оқыту мен апатты білім беру нысандарының мәселесі толығымен шешімін табады», — деді облыс әкімі Болат Ақшولاков.

Демек, балаларға тағы бір жыл шұдай тұруға тура келеді деген сөз. Жергілікті тұрғындар арасында «Атырау күндердің күнінде вахталық қалашыққа айналады» деген пікір желдей есіп жүргенімен, Атырауда соңғы жылдары халық саны көбейіп келеді. Бұл жағдайға демографиялық өсіммен бірге, көшіп келушілер қатарының көбеюі де әсер етіп отыр.

Сөзіміз дәлелді болу үшін нақты деректі алға тартайық. 2026 жылдың шілде айындағы мәліметке сәйкес, облыс халқының саны 718 250 адамға жеткен. Және бір қызығы, тұрғындардың басым бөлігі қалалық жерде шоғырланған.

Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департамент басшысы Нұржан Құмарғалиевтің айтуынша, қазір қалалық жерде 393 727 адам, ал ауылдық жерлерде 324 523 адам тұрады. Яғни өңір халқының 54,8 пайызы қалада, 45,2 пайызы ауылда өмір сүреді. Мұны неге айтып отырмыз? Халық көбейген сайын азық-түлікке, тұрғын үй, жаңа жұмыс орындарына ғана емес, балабақша, мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепке сұраныс артады. Атыраудың әлі күнге дейін мектептерге қатысты проблемалық мәселелерді, сұраныстарды толық жаба алмай отырғанының бір себебі осында. Сондықтан мамандар білім инфрақұрылымын жоспарлау тек қазіргі қажеттілікке емес, демографиялық болжамға негізделуі тиіс екенін айтады.

Қазір ата-аналарды аландатып отырған бірнеше мәселе бар.

Соның бірі — облыстағы Жолскали Досмұхамедов атындағы облыстық лицей мектептің ғимараты. Балаларды 7-сыныптан бастап арнайы емтихан арқылы қабылдайтын бұл мектеп физика-математика, химия-математика бағытында білім береді. Шәкірттері түрлі олимпиадаларда топ жарып, 10-сыныпта-ақ білім грантын жеңіп алып жүрген мектеп ғимараты жаңа оқу жылына дайын емес. Шамамен осыдан 2 ай бұрын тосыннан өрт шыққандықтан бірінші қыркүйекте шәкірттерін қабылдай алмайды. Амасыздан балаларды басқа ғимаратта оқытуға мәжбүр болып отыр.

— Осы мектепке балаларымыз кезінде арнайы емтиханмен өтті. Білім сапасына сөзіміз жоқ. Мектептің уақытша жаңа ғимараты туралы ақпаратты естіп, уайымдап отырмыз. Қаланың бір шеті-



нен уақытша ғимарат алған, оның орналасу локациясы біз үшін ыңғайсыз әрі алыс. Сабақ басталған уақытта қалада көлік кептелісі күшейіп, жол қатынасы қиындайды. Менің үйімде жеке көлік жоқ. Немеремді автобуспен жібере алмаймын, біріншіден, сабаққа кешігеді, екіншіден, жаңа локацияға үйренбеген. Ал такси құны барып келуіне 4000 теңге шығарып тұр. Асханада ішетін тамағына кемінде 1000 теңге керек десек, күніне бір бала үшін 5000 жұмсау аз ақша емес, бұл — аптаға 35 мың теңге такси мен тамаққа кетеді деген сөз. Мектебіміз ең болмағанда бірінші тоқсан біткенше жөнделсе екен. Жанымызды шүберекке түйіп бала деп отырғанда, мектептің қаланың түбіне қоныс аударуы қиын болып тұр, — дейді немересіне алаңдаған Талжібек Қажығали.

Ал ата-аналардың ендігі бір тобы қолданыстағы мектептердің материалдық-техникалық базасына алаңдаулы. Бұл мәселе Атырау қаласындағы №8 мектепке қатысты болып отыр. Өтешкали Атамбаев атындағы №8 орта мектеп күрделі жөндеуден өткенімен, оның материалдық-техникалық базасын толық жанармаған. Ата-аналар бірқатар мамандандырылған кабинеттердің, зертханалық құралдардың және оқу жабдықтарының жеткіліксіз екенін айтып отыр.

Олардың мәліметінше, физика мен химия пәндері бойынша зертханалық жұмыстарды толыққанды өткізуге қажетті құралдар мен реактивтер жетіспейді. Еңбек пәніне қажетті жабдықтар да жоқ.

Сондай-ақ ата-аналар STEM кабинеттері мен бірқатар пәндер бойынша мамандандырылған кабинеттерді жабдықтау, кітапхана қорын жанарту, жиһаздарды ауыстыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жағдайды жақсарту қажет деп есептейді. Атырау облысының бас мұғалімі Марат Әбуов бұл мәселелен хабарлар екенін айтты.

— Қазіргі уақытта мектептің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына 187,1 млн теңге көлемінде бюджеттік өтінім берілді, — деді ол. Алайда бұл қаржының бөлінуі әзірге бюджет процесіне байланысты. Білім басқармасы облыс бюджетінің кіріс бөлігінің болжамы орындалмауына байланысты 2026 жылғы бюджетті нақтылау бойынша мәслихат сессиясы әлі өткізілмегенін хабарлады. Шыны керек, Атырау облысы қазіргі уақытта Қазақстан бойынша материалдық базаны жақсартудың қаржыландыру мәселесі шешілмеген аутсайдер облыстардың қатарына кіріп отыр. Бұл — Үкіметтің секторлық отырысында айтылған ресми мәлімет.

Білім беру инфрақұрылымын жанарту бағытындағы жұмыстар Атыраумен ғана шектелмейді. Республикалық деңгейде жаңа оқу жылына дейін физика, химия, биология және робототехника бойынша 500 пәндік кабинетті сатып алу жоспарланған. Жыл соңына дейін олардың саны 1,4 мыңнан асуға тиіс.

Бұл қазіргі мектепке қойылатын талаптың өзгергенін көрсетеді. Бұрын негізгі мәселе «мектепке орын жетеді ме?» деген сұрақ болса, бүгінде оған «сол мектепте сапалы білім алуға жағдай бар ма?» деген сұрақ қосылып отыр.

Атыраудың тәжірибесі осы екі мәселенің қатар жүруі керектігін көрсетеді. Бір жағынан, жаңа мектептер салынып, үш ауысым қысқарып келеді. Екінші жағынан, бұрыннан жұмыс істеп тұрған мектептердің материалдық базасын жанарту қажет.



Облыс әкімі Болат Ақшولاковтың мәліметінше, өңірдегі жеті апатты мектеп мәселесін 2027 жылғы тамызға дейін шешу жоспарланған. Алайда оның орындалуы жаңа ғимараттардың уақытында тапсырылуына ғана емес, оқушы санының өсуіне, мектептерді педагогтермен қамтамасыз етуге және жаңа нысандарды толық жабдықтауға да байланысты.

Білім — ең алдымен ұрпақ оның орналасу локациясы біз үшін ыңғайсыз әрі алыс. Сабақ басталған уақытта қалада көлік кептелісі күшейіп, жол қатынасы қиындайды. Менің үйімде жеке көлік жоқ. Немеремді автобуспен жібере алмаймын, біріншіден, сабаққа кешігеді, екіншіден, жаңа локацияға үйренбеген. Ал такси құны барып келуіне 4000 теңге шығарып тұр. Асханада ішетін тамағына кемінде 1000 теңге керек десек, күніне бір бала үшін 5000 жұмсау аз ақша емес, бұл — аптаға 35 мың теңге такси мен тамаққа кетеді деген сөз. Мектебіміз ең болмағанда бірінші тоқсан біткенше жөнделсе екен. Жанымызды шүберекке түйіп бала деп отырғанда, мектептің қаланың түбіне қоныс аударуы қиын болып тұр, — дейді немересіне алаңдаған Талжібек Қажығали.

Ал ата-аналардың ендігі бір тобы қолданыстағы мектептердің материалдық-техникалық базасына алаңдаулы. Бұл мәселе Атырау қаласындағы №8 мектепке қатысты болып отыр. Өтешкали Атамбаев атындағы №8 орта мектеп күрделі жөндеуден өткенімен, оның материалдық-техникалық базасын толық жанармаған.

Ата-аналар бірқатар мамандандырылған кабинеттердің, зертханалық құралдардың және оқу жабдықтарының жеткіліксіз екенін айтып отыр. Олардың мәліметінше, физика мен химия пәндері бойынша зертханалық жұмыстарды толыққанды өткізуге қажетті құралдар мен реактивтер жетіспейді. Еңбек пәніне қажетті жабдықтар да жоқ.

1 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

Елордада бес күн бойы өткен «Coupe Mondiale 79» халықаралық музыка додасы мәресіне жетіп, жеңімпаздар анықталды. Әлемнің әр түкпірінен келген баяншылар мен аккордеоншылар бақ сынаған байқауда қазақстандық музыкант Жандос Сауыттың мерейі үстем болып, үздік орындаушылардың арасынан суырылып шықты. Осы жеңісінен кейін біз жас аккордеонистке қоңырау шалып марапатымен құттықтап, аз-кем әңгімеге тарттық. Айтақшы, Жандос Coupe Mondiale-ға бұған дейін де қатысып, бақ сынаған. Оның орындауындағы әр шығармада өзіндік мінез бен тереңдік бар.

Жандос САУЫТ, аккордеонист:

БАЯН МЕКТЕБІНІҢ болашағы зор

— Жандос мырза, сізді «Coupe Mondiale 79» сынды ауқымды байқауда топ жарып, жеңімпаз атануыңызбен құттықтаймыз! Бұл жеңістің артында қандай дайындық, қандай еңбек тұр? Жеңімпаз ретінде есіміңіз аталған сәтте ең алдымен ойыңызға не келді?

— Бұл жеңістің артында біраз жылдық еңбек пен үлкен дайындық тұр. Күнделікті дайындықтан бөлек, әр шығарманың мазмұнын терең түсініп, оны сахнада тыңдарманға жеткізуге көп көңіл бөлдім. Әрине, мұндай деңгейдегі байқауға дайындық техникалық шеберлікті ғана емес, психологиялық тұрғыдан да мықты болуды талап етеді. Ең соңына дейін бірінші орын алғанымды білмедім. Бәрімізді сахнаның бір шетіне жинап, жүрделі орын иелерін бір-бірден шақырып жатты. Мысалы, үшінші орын иесін атаған кезде жүрегім қатты соқты. Себебі екінші және бірінші орын ғана қалды. Соңында орыс пен қазақ музыканты қалдық. Нәтиже белгілі болғанша қатты қобалжыдым. Ал жеңімпаз екенімді білген сәтте ерекше қуандым. Сол кезде ең бірінші ұстазыма, ата-анама және осы жолда маған қолдау көрсеткен барлық жанға алғыс білдірім келді.

— Әлемнің мықты баяншылары жиналған додада өзіңізге ең үлкен бәсекелес деп кімді

орындадым. Яғни бұл өңделген нұсқа емес, баянға әуел бастан арнайы жазылған туынды болуы керек. Осы талапқа сай баян өнерінің классикалық мектебінің қалыптасуына зор үлес қосқан музыкант әрі композитор Владислав Золотаревтің төрт бөлімді партитасын орындадым. Үшінші шығарма — «Каприс» туындысы. Оның авторы Вячеслав Семенов — Мәскеудегі Гнесиндер атындағы музыка академиясының профессоры, халық әртісі. Ал финалдық бағдарламамын сонында қазақ композиторы Нағым Мендіғалиевтің «Домбыра туралы аңыз» шығармасын орындадым.

— Сахнаға шығар алдындағы соңғы бірнеше минутта орындаушының ішінде қандай күрес жүреді? Сіз толқуды қалай жеңесіз?

— Сахнаға шығар алдындағы соңғы бірнеше минутта қобалжу ерекше күшейеді. Ондай сәтте көбіне жалғыз қалып, толқынысымды өзім жеңуге тырысамын. Өзімді іштей қамшылап, орындайтын әр шығармамды ой елегінен өткіземін. Әр туындыны қалай орындауым керек, қай тұсында нені ерекше көрсетуі қажет — соның бәрін ойша бір рет саралап шыққаннан кейін ғана сахнаға көтерілемін. Сондай-ақ сахнаға шығар алдында ешкімге қол беріп амандаспаймын, сөйлес-

калық аспаптармен бір деңгейде тұра алатын мүмкіндігі мол аспап. Мысалы, фортепианоға немесе скрипкаға жазылған шығармаларды баянға өңдеп орындауға болады. Яғни баян тек бір аспаптың мүмкіндігімен шектелмейді. Тіпті оркестрге арналған шығармалардың өзін жалғыз баянмен орындауға мүмкіндік бар. Баян аспабының ерекшелігі де, мүмкіндігі де осындай кен.

— Бүгінде жастар арасында фортепиано, гитара, заманауи электронды музыкаға қызығушылық жоғары. Ал баянға жастарды қалай қайта қызықтыруға болады деп ойлайсыз?

— Қазір баянды жастарға заманауи қырынан көрсету керек деп ойлаймын. Өйткені баянмен тек классикалық шығармаларды емес, заманауи музыканы, танымал әуендерді, түрлі стильдегі туындыларды да еркін орындауға болады. Жастарға аспаптың осындай кең мүмкіндігін таныта білу маңызды. Қазір әлеуметтік желілерде түрлі өнге кавер түсіру кең таралған. Баянистер де осы бағытты кәсіби деңгейде дамытып, сапалы каверлер мен қызықты музыкалық жобалар ұсынса, баянға деген қызығушылық арта түсер еді. Әсіресе жастар жиі қолданатын платформаларда баянның жаңа қырын көрсету оның тек дәстүрлі немесе классикалық аспап емес, бүгінгі музыкаға да еркін бейімделе алатын аспап екенін аңғартады. Меніңше, осындай жұмыстар арқылы баянның аудиториясын кеңейтіп, жас буынның бұл аспапқа деген көзқарасын өзгертуге болады.

— Қазақстанның баян мектебі әлемдік деңгейде қай орында тұр? Бізде таланттар бар ғой, халықаралық сахнаға шығуға кедергілер бар ма?

— Қазақстанның баян мектебінің әлемдік деңгейде өзіндік орны бар деп ойлаймын. Өйткені еліміздегі педагогтар мен профессорлар баян өнерін өте жоғары деңгейде дамытып келеді және бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғаса береді. Сондықтан Қазақстандағы баян мектебінің болашағы зор. Біз секілді жас таланттардың қатары да көбейе түседі деп сенемін. Ал дарынды жастардың халықаралық сахнаға шығуына кедергі келтіретін негізгі мәселенің бірі — қаржы. Шетелдік байқаулар мен фестивальдарға қатысу оңай емес, оған қоса сапалы баян аспабын сатып алудың өзі үлкен шығынды талап етеді. Баянның бағасы қымбат болғандықтан, бұл да жас музыканттар үшін белгілі бір қиындық тудырады. Басқа жағынан айтарлықтай кедергі жоқ деп ойлаймын. Өйткені бізде мықты педагогтар да, талантты балалар да жеткілікті. Ең бастысы, сол жастарға мүмкіндік беріп, халықаралық деңгейде өздерін көрсетуіне жағдай жасау.

— Келесі асу қандай?

— Алдағы мақсатым — тағы да халықаралық сахналарда жиі өнер көрсету, концерт беру. Сол арқылы Қазақстанның атын, оның бай мәдениеті мен өнерін шетелдік көрерменге кеңінен танытқым келеді. Өнер арқылы еліміздің мәдени әлеуетін көрсету — мен үшін үлкен жауапкершілік әрі маңызды мақсат.

— Рақмет, жетістіктеріңіз көп болсын!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



ҚАЛАМГЕР ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің бастамасымен және Ташкент облысы әкімінің шешімімен Ташкент облысы Бостанлық ауданына қарасты Қараманас ауылындағы №34 мектепке көрнекті қазақ жазушысы, драматург, аудармашы әрі қоғам қайраткері Рахметолла Райымқұловтың есімі берілді.

Осыған орай 2 қыркүйекте Рахметолла Райымқұлов атындағы №34 мектепте жаңа оқу жылының басталуына және қаламгердің туған жерінде оның есімін ұлықтауға арналған мерекелік іс-шара өтеді. Жиынға Өзбекстан мен Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткерлері, шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысады. Олардың қатарында Өзбекстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектеп білімі министрлігі мен Мәдениет министрлігінің басшылығы, Қазақстан Республикасының Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Ералы Тоғжанов, Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті, профессор Ақтоты Райымқұлова, қазақ қаламгерлері мен әдебиеттанушылары Құлбек Ергөбек пен Нұрғали Ораз бар. Сондай-ақ іс-шараға жазушының ұрпақтары, ұстаздар, оқушылар мен ата-аналар қатысады.

Мерекелік іс-шара аясында жаңа оқу жылының алғашқы қонырауы соғылып, жанартылған мектеп кітапханасы мен Рахметолла Райымқұловқа арналған мемориалдық бұрыш ашылады. Сонымен қатар кітапхана қорын толықтыру мақсатында жаңа кітаптар табысталады. Бұдан бөлек, өскелең ұрпақтың кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға, жазушының шығармашылығымен жақынырақ таныстыруға және оның әдеби мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталған рухани-ағартушылық кеш ұйымдастырылады.

Рахметолла Райымқұлов 1913 жылы Ташкент облысы Бостанлық ауданының Қараманас ауылында дүниеге келген. Қаламгер қазақ және өзбек әдебиеті мен мәдениетінің дамуына, екі халық арасындағы рухани байланыстың нығаюына елеулі үлес қосты. Оның «Жасыл белес», «Түйелі адам», «Балдақты адам», «Қара жорға» романы және басқа да шығармалары оқырманға кеңінен таныс. Мектепке Рахметолла Райымқұловтың есімінің берілуі айрықша символдық мәнге ие. Бұл бастама ортақ мәдени мұраға деген құрметтің, Қазақстан мен Өзбекстан халықтарының тарихи жақындығы мен ғасырлар бойғы бауырластығының, сондай-ақ екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың одан әрі нығая түскенінің жарқын көрінісі.

Қараманастағы қазақ мектебінің де өзіндік тарихы бар. 1936 жылдан бастау алатын білім ошағы бірнеше буынға ана тілінде білім беріп, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Енді мектеп тарихында жаңа кезең басталғалы тұр. Бір кездері осы топырақта дүниеге келген жазушының есімі енді туған өлкенің балалары білім алатын мектептің маңдайшасына жазылады. Бұл атау жас ұрпақты қаламгер мұрасымен жақындастыра түсетіні анық. Мектеп оқушысы «Рахметолла Райымқұлов кім?» деген сұраққа жауап іздей отырып, қазақ әдебиетінің тарихына үңіледі, жазушының шығармаларын оқып, өмір жолымен танысады. Осылайша, қаламгердің өмірі мен шығармашылық мұрасы өскелең ұрпақтың танымы мен тәрбиесінің бір бөлігіне айналады. Рахметолла Райымқұлов есімінің берілуі білім ошағына тек тарихи мәртебе емес, үлкен жауапкершілік те жүктейді. Өйткені көрнекті қаламгердің атын иеленген мектеп әдебиетке, ана тіліне, ұлттық руханиятқа деген құрметті күнделікті білім беру мен тәрбие үдерісінде жалғастыра білуі тиіс. Бұл — кейінгі ұрпаққа табысталған рухани аманат.

С.БЕГІМБАЙ



санадыңыз? Қай кезең қиын болды? Финалға қандай шығармалар дайындадыңыз?

— Байқауда әр қатысушы жоғары деңгейде өнер көрсетті. Сондықтан нақты бір адамды басты қарсыласым деп айта алмаймын. Өйткені жарысқа өз елінде мықты деп танылған, кәсіби деңгейі жоғары өнерпаздар қатысты. Сол себепті олардың арасынан бір есімді ерекше бөліп айту қиын. Ал ең күрделі кезең — екінші кезең болды. Себебі үшінші кезеңге өтіп, финалға дейін жету әрдайым оңай емес. Дегенмен бәрі ойдағыдай өтіп, сәтті аяқталды.

Финалдық кезеңді Бахтың шығармасымен бастадым. Бұл — классикалық туынды әрі байқаудың негізгі талаптарының бірі. Конкурс шарты бойынша әр өнерпаз полифониялық шығарма орындауға тиіс, сондықтан бағдарламамды ең алдымен Бахтан бастадым. Одан кейін байқаудың тағы бір талабына сәйкес баян аспабына арнайы жазылған шығарманы

пеймін. Өйткені дәл сол сәтте ойымды жан-жаққа бөлмей, бар назарымды алдағы өнер көрсетуге аударуға тырысамын.

— Бұл жолы байқау өз еліңізде, Астанада өтті. Қазақстандық көрерменнің алдында әлем кубогы үшін күресу жауапкершілікті арттырды ма?

— Бұл байқаудың Орталық Азияда, соның ішінде Астанада алғаш рет өтуі мен үшін үлкен жауапкершілік болды. Жарыстың бастапқы кезеңінде төрт қазақстандық қатысушы едік. Ал финалға жеткен кезде жалғыз өзім қалғанымды түсінген сәтте жауапкершілік одан әрі артты. Мемлекетімнің абыройын лайықты қорғап шығуым керек деген ойдың жетегінде кетіп, ақыры нәтижеге қол жеткіздік.

— Баянды кейде көпшілік тек халық әндері мен той музыкасына жақын аспап ретінде қабылдайды. Ал оның мүмкіндігі қаншалықты кең?

— Шын мәнінде, олай емес. Баян — скрипка, виолончель, фортепиано секілді класси-



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБAY –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4783

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,